

Б.З.Байсарин

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ. ЖАЛПЫ БӨЛІК.
ПРАКТИКУМ**

Оқу-әдістемелік құрал



П.Чужинов атындағы экономика және құқық институты

Қылмыстық құқық және процесс кафедрасы

Б.З.Байсарин

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ.
ЖАЛПЫ БӨЛІК. ПРАКТИКУМ**

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2022

УДК 343.2(574)
КБЖ 67.408.0 (5Қаз)
Б 20

Автор:

Байсарин Бейбіт Зейноллаұлы, қылмыстық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы

Рецензенттер:

Мизанбаев Аман Елеусизович – қылмыстық құқық және процесс кафедрасының қауымдастырылған профессордың м.а., заң ғылымдарының докторы

Укин Сымбат Кенжебекович - мемлекет және құқық теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Арыстанов Нұрлан Ғазымбекович - Қостанай облысы Полиция департаментінің Тергеу басқармасының бастығы, полиция полковнигі

Байсарин Б.З.

Б20 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлік: Практикум. Оқу- әдістемелік құрал. Б.З.Байсарин. - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, 2022.- 65 бет.

ISBN 978-601-356-217-9

Оқу – әдістемелік құралда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің, Жалпы бөлігінің 1-25 баптары бойынша сот шешімдерінен алынған есеп жинақтары берілген. Сондықтан білім алушылар өздерінің білімдерін, Заң талабына сай жетілдіруге мүмкіншілік жасайды.

6В04201 – Құқықтану мамандығы бойынша оқу бөлімінің білім алушыларына арналған, сонымен қатар құқық қорғау органдарының мамандарына да қолдануға болады.

УДК 343.2(574)
КБЖ 67.408.0
Б 20

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің оқу әдістемелік кеңесімен бекітілген және басып шығаруға ұсынылған хаттама №6 27.12. 2022ж.

ISBN 978-601-356-217-9

© А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
© Байсарин Б.З., 2022

М а з м ұ н ы

Кіріспе	4
1 Қылмыстық заң.....	5
2 Қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары.....	14
3 Қылмыс санаттары.....	16
4 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы.....	23
5 Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы.....	28
6 Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы.....	32
7 Қылмыс құрамының құрылысына қарай бөлінуі.....	38
8 Қылмыс объектісі.....	42
9 Қылмыстың объективтік жағы.....	46
10 Қылмыс субъектісі. Қылмыстық жауаптылыққа жататын адамдар.....	51
11 Қылмыстың субъективтік жағы.....	56
12 Қылмыс істеу сатылары.....	62
Пайдаланылған дереккөздер тізімі.....	65

КІРІСПЕ

Қылмыстық құқық бойынша тәжірибелік сабақтардың негізгі мақсаты нақты жағдайларға байланысты, есептерді шешудің тиісті нұсқаларын талқылау. Олар, әдетте, белгілі бір тақырып бойынша соттардың, құқық қорғау органдарының тәжірибесінен алынған.

Берілген есептерді шешу білім алушылардың алдында пікірталас туғызып, есептің белгілі бір нұсқасының пайдасына жаңа дәлелдер келтіру арқылы, әріптестерінің пікірін тыңдауға, заңға және есептегі оқиғаның нақты жағдайларына сүйене отырып, өз ұстанымын негіздеуге, үйренуге мүмкіндік береді.

Есеп жинақтың құрылымы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жүйесіне және қылмыстық құқықты оқытудың оқу жоспарына сәйкес жасалған.

Жинақта көрсетілген есептер Қазақстан Республикасындағы соттардың, құқық қорғау органдарының тәжірибесіне негізделген.

Оқу мақсаттары үшін қылмыстық және басқа да өмірлік жағдайлардың сюжеттері, азаматтардың тегі, кейбір жағдайларда елді мекендер мен аудандардың атаулары, ұйымдардың атаулары өзгертілді.

Есептермен жұмыс жасағанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің тиісті нормаларын, ал кейбір жағдайларда басқа нормативтік актілерді, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларын талдауды, сондай-ақ тақырып бойынша теориялық материалды алдын-ала зерттеуді қамтиды.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢ

№1 есеп

Қазақстан азаматы Токарев Челябинск-Астана поезында келе жатқанда, Қырғыз азаматы Красин оған ашуланып «аяғыңды маған қаратпай жат» - деп, ескерту жасаған. Сол кезде Иванов өзінің оң қолымен Красинның шашынан тартып құлатып, екі қолдарының жұдырықтарымен оның бас тұсынан бірнеше мәрте ұрып, жабық бас ми жарақатын, бас миының шайқалуы дене жарақаттарын салған. Дене жарақаты 2017 жылдың ақпан айының 13-нен 14-не қараған түні, Тройцк қаласының маңында орын алған.

Красинның Қостанай қаласының ауруханасында жатып емделген медициналық картасының сот- медициналық сараптама қорытындысы бойынша оған ауырлығы орташа дене жарақаты тигізілгені анықталған.

1. Бұл жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың орны мен уақытын анықтаңыз. Қылмыстық заңда қылмыстық құқық бұзушылық жасау орны ұғымы қалай анықталады?

2. Бұл жағдайда қандай елдің қылмыстық заңы қолданылуы керек?

№2 есеп

2000 жылдың қаңтар айында азамат Муратов белгісіз адамдардан Макаров жүйесінің тапаншасын сатып алып, оны тиісті рұқсатынсыз өз үйінде сақтаған.

2015 жылы ақпан айында Муратов осы тапаншамен ағаштардың арасында шыныларды атып жаттығу жасап жатқан жерінде полиция қызметкерлеріне ұсталған.

2001 жылы ҚР ҚК 251 - бабының 1-бөлігінде (1997 жылы қабылданған ҚР ҚК) аталған қылмыс үшін 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

2015 жылы ҚР ҚК 287-бабының 3-бөлігінің (2014 жылы қабылданған ҚР ҚК) санкциясы бойынша аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін - 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

1. Бұл қылмыстық заңдардың қайсысы осы жағдайда қолданылуы керек?

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қандай заңдар кері күшке ие?

3. Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз не?

4. Муратовтың іс әрекеті созылмалы қылмыстық құқық бұзушылыққа жата ма?

№3 есеп

2014 жылдың қараша айында, сағат 21.00-де Панов, аулада тұрған "Камаз" маркалы автокөлігінен маңайда адамдардың жоғын пайдаланып көлік иесі Рахметовке тиесілі жалпы құны 76 000 теңге тұратын 2 дана аккумуляторлық батареяларды жасырын ұрлаған.

Ұрланған аккумуляторларды Панов, 2015 жылдың қаңтар айында белгісіз біреулерге сатып жіберген.

1. Пановқа қатысты қандай қылмыстық заң қолданылуы керек: 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, не 2014 жылы қабылданып, 2015 жылы күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі?

2. Пановтың қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақыты қандай?

№4 есеп

07.04.2015 жылы сағат 23.17 шамасында Шымкент ПБ полиция қызметкерлері жедел іздестіру іс- шараларын жүргізу барысында, Шымкент қаласы Ғалымдар көшесінің бойында, 1985 жылы туған Өзбекстан азаматы Қожабаев күдік бойынша тоқтатылып, жеке тінту кезінде, оның қара түсті курткасының оң қол жеңінің ішінен ақ түсті қағазға оралған ішінде жасыл-сарғыш түсті өсімдік тектес спецификалық иісі бар есірткі заты марихуанаға ұқсас зат анықталып, айғақтық зат ретінде тәркіленіп алынған.

Азамат Қожабаевтан тәркіленіп алынған айғақтық затқа сот криминалистикалық сараптамасы тағайындалған. Сарапшының қорытындысы бойынша тәркіленіп алынған зат – есірткі құралы –кептірілген марихуана болып табылды, оның массасы қаптаусыз 0,54 грамм құрады.

Сонымен Қожабаев есірткі затты өткізу мақсатынсыз заңсыз иемденіп сақтаған.

1. Қожабаевты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы бойынша жауаптылыққа тартуға бола ма?

2. Қылмыстық заңның Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты қолданылуын түсіндіріңіз.

№5 есеп

Абубакиров 2014 жылы 4 маусым күні өзі менеджер болып жұмыс істейтін туристік фирмасының офисінде алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін сенімге қиянат жасау арқылы қызмет бабын пайдалана отырып алу мақсатында, отбасын Түркия еліне туристік сапарға жіберуге келген Муратовтан 800000

теңге ақшаны турды ресімдеу үшін деп алып, ақшасын фирманың кассасына өткізбей, Муратовтың отбасына туристік сапарды ресімдемей, өзінің жеке қажеттілігіне жаратқан.

Муратовтар алданғаны жөнінде 2015 жылдың қаңтар айында біліп полицияға арызданған.

1. Қылмыстық құқық бұзушылық қандай уақытта жасалған деп танылады, Абубакиров ақшаны өзінің жеке қажеттілігіне жаратқан уақытта ма, әлде полицияға белгілі болған уақытта ма?

2. Қылмыстық заңның уақыт бойынша қолданылуына түсінік беріңіз?

№6 есеп

Түркия азаматы Самедов қазақстандық жоғары оқу орындарының бірінің студенті бола отырып, Алматы қаласында өз отандастарынан ақша бопсалаумен айналысқан. Самедовтың бұл қылығына шыдамаған отандастары Алматы қалалық ішкі істер органдарына арыз жазып, Самедовты қылмыстық жауаптылыққа тартуды сұраған.

1. Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жағдайда олардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе қалай шешіледі?

2. Қазақстан Республикасының аумағы дегеніміз не?

3. Түркия азаматының қылмыстық жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіз?

№7 есеп

Азамат Еремін 08.03.2019 жылы сағат 19:00 шамасында өзінің Қостанай қаласында жалдап тұрған пәтерінде халықаралық әйелдер мейрамын атап өту үшін өзі қонаққа шақырған танысы азамат Семенова мен асхана бөлмесінде дастарханда отырып бірге спирттік ішімдік ішкен.

Содан соң, олардың арасындағы сөз барысында ұрыс басталып, Еремін ашуланып Семеноваға қатысты балағат сөздер айтып, оның денсаулығына қасақана зиян келтірген.

Жәбірленуші ауруханада емделіп шыққан соң жасалған, 02.04.2019 жылғы сот- медициналық сараптамасының қорытындысына сәйкес, оның денсаулығы ұзақ мерзімді бұзылу белгісі бойынша зақым келтіру мерзімі 21 күннен астам орта дәрежедегі денсаулыққа келтірілген жарақаттары қатарымен сараланған.

Қылмыстық құқық бұзушылық қандай уақытта жасалған деп танылады, қоғамға қауіпті әрекет (әрекетсіздік) жүзеге асырылған уақытта ма, әлде зардаптардың туындаған уақытында ма (емделіп шыққан уақыт) ?

№8 есеп

Қырғыз Республикасында курортта дем алып жүрген Қазақстан Республикасының азаматы Қанатов бұзақылық ниетпен Қырғыз Республикасының азаматының кеуде тұсына пышақ сұғып алып, денсаулығына ауыр зиян тигізген. Қылмыстық жауаптылықтан құтылып кету үшін Қанатов Қазақстанға оралған.

Қырғыз Республикасының тиісті органдары, Қазақстан органдарына Қанатовты қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін беру талабымен жүгінген, өйткені қылмыс Қырғыз азаматына қарсы жасалған.

1. Қанатов қай мемлекеттің заңы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылуы керек және ол Қырғыз мемлекетіне берілуге жата ма?

2. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтарының қылмыстық жауаптылығы қалай шешіледі?

№9 есеп

Азамат Галиев 20. 06. 2017 жылы, өзінің ауылдасы азамат Абаевтың өзін жұдырықпен басынан ұрғанын, осы соққыдан өзінің басы айналып кеткенін, сол жерде болған адамдар өздерін ажыратып жібергендерін, өзінің басы, іші қатты ауырып кеткен соң, таксиге отырып, ауруханаға барғанын, ауруханада өзін тексеріп, емдеу үшін жатқызғандарын, өзі ауруханада бір апта жатып шыққанын, сөйтіп полиция бөліміне арызданып, сот сараптамасынан өткенін, нәтижесінде денсаулығына жеңіл дәрежелі зиян келгенін, сол себепті өзін балағаттап, басынан жұдырықпен ұрып, дене жарақатын салған Абаевты жауапқа тартып, тиісті жазасын беруді сұраған.

Ішкі істер органдары Абаевтың іс әрекетін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 108-бабымен – денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтіргені үшін саралап, қылмыстық іс қозғап, қылмыстық істі сотқа жіберген.

Қылмыстық істі сотта қарау барысында Қазақстан Республикасының 03.07.2017 № 84-VI Заңымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен 108-бап алынып тасталды (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді).

1. Мұндай жағдайда Абаевты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 108-бабымен, қылмыстық жауаптылыққа тартуға бола ма?

2. Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші бар ма?

№10 есеп

Бұрын бірнеше рет сотталған Лавров бас бостандығынан айыру орнынан жазасын өтеп шыққан соң, өзінің ауылындағы бос тұрған үйіне келіп тұра бастаған. Үйінде ешқандай тұрмысқа қажетті заттар болмаған соң, ол басқа біреудің мүлкін ұрлауға ниет білдіреді.

Осы мақсатта ол, 2017 жылдың 5-ші қаңтарында басқа көшедегі бір үйде ешкім жоқ екенін пайдаланып, алдыңғы есікті бұзып, үйге кіріп, ішіндегі мүліктерді өз үйіне тасып алуға бел буған.

Бірінші күні құны 25000 теңге тұратын етікті, 18000 теңге тұратын куртканы және 10000 теңге тұратын малақайды алып кеткен.

Келесі күні 4 орындық пен столды үйіне тасып алған. Осылай бір айдың ішінде жалпы құны 300000 тұратын Саенконың дүние мүлкін ұрлаған. Соңғы ұрлық жасаған күні 2017 жылдың 4-ші ақпаны.

1. Лавровтың қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақытын анықтаңыздар.

2. Бұл қандай қылмыстық құқық бұзушылықтарға жатады: бірнеше рет жасау, созылмалы немесе жалғаспалы?

№11 есеп

Азамат Тұраров Қазақстан Республикасының портына тіркелген кемеде жұмыс істеп жүріп, кеме Бакудың портына келіп тұрақтағанда, бөтеннің мүлкін заңсыз ұрлау мақсатында азамат Нұралинның каютасынан оның бағалы сағатын ұрлап алған.

1. Тұраров, қандай мемлекеттің заңы бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады?

2. Егерде Тұраров, Нұралинның сағатын кемеден тыс жерде ұрлаған болса оның жауаптылығы қалай шешіледі?

№12 есеп

2016 жылғы 24 қазанда, сағат 17.10-да полиция қызметкерлері РФ азаматы Аяповтан, Қостанай қаласының техникалық қызмет көрсету станция жанында, куәгерлердің қатысуымен жеке байқау барысында оның ішкі киімінен

полиэтилен пакет табылған. Пакет ішінде құрамында ұнтақ зат бар қара– сұр түсті, ерекше иісі бар өсімдік тектес зат табылып тәркіленген.

Аяповтың айтуы бойынша бұл затты РФ Троицк қаласында белгісіз біреуден сатып алған және өзі қолдану үшін сақтаған.

Сарапшының 2016 жылғы 24 қазандағы №375 қорытындысына сәйкес, зерттеуге ұсынылған зат салмағы 231,67 грамм "гашиш" есірткісі болып табылады.

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалған орнын анықтаңыздар?
2. Аяпов жасаған қылмыстық іс әрекеті бойынша қай мемлекеттің қылмыстық заңы бойынша жауаптылыққа жатады?

№13 есеп

2016 жылғы 01 қыркүйек сағат 09.00-ден 09.30-ға дейінгі уақыт кезеңінде, Қарабылық ауданына жақындай бергенде азамат Ахметов, көрінеу жалған хабарлама жасау ниетімен Костанай - Челябинск автобусының ішіндегі орындықтың сыртына қара фломастермен: «Бұл автобус Челябинск қаласына жақындай бергенде жарылады, адамдар өледі»- деп, дайындалып жатқан терроризм актісі туралы жалған хабарламаны жазып, шығып кетті.

Оқиға орнына барған полиция қызметкерлері, сондай-ақ арнайы қызметкерлердің тексеруімен бұл хабарлама расталмады.

Ахметов қай мемлекеттің қылмыстық заңы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады деп ойлайсыз?

№14 есеп

Шетел дипломатының баласы Тулепов 2021 жылдың сәуір айының 24 күні сағат 05.50 шамасында «Toyota Corolla» маркалы автокөлігін алкогольдік масаң күйінде басқарып келе жатып Ақтау қаласы 25 шағын аудан 28а үйдің жанында жол ережесін бұза отыра жаяу жүргінші соғып, орташа дене жарақатын тигізген.

1. Тулеповты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы бойынша жауаптылыққа тартуға бола ма?

2. Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің және иммунитетті пайдаланатын өзге де азаматтардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе осы адамдар Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жағдайда, қандай құқық нормаларына сәйкес шешіледі деп ойлайсыз?

№15 есеп

Қазақстан Республикасының азаматы Нарымбетов 2017 жылы 04 маусым сағат 07:30-дар шамасында тұрғын үйге заңсыз кіріп, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсатында РФ Омск қаласы, Семенов көшесі, №47 үйде ешкім жоқтығын біліп, тұрғын үйге дарбазасынан асып түсіп заңсыз кіріп, үйдің жатын бөлмесінде терезе алдында тұрған жәбірленуші Мадиевтың құны 20 000 теңгелік «Micromax D305» маркалы ұялы телефонын және құны 40000 теңгелік «Lenova Nab3 7 Essential» маркалы планшетін жасырын жымқырып, ұрлық жасап, жәбірленуші Мадиевке жалпы құны 65 000 (алпыс бес мың) теңгелік материалдық шығын келтірген.

Ұрланған заттарды Қазақстан Республикасының Тобыл қаласына әкеліп сатпақшы болған жерінде ұсталған.

1. Нарымбетов қай мемлекеттің қылмыстық заңы бойынша жауаптылыққа тартылады?

2. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтарын шет мемлекетке беруге бола ма?

№16 есеп

2017 жылдың тамыз айының 22 жұлдызында шамамен 21.00 сағат Қазақстанның азаматы Утепов пен РФ азаматы Карев Омск қаласында, алкогольден масаң күйде бола тұра, қолындағы ұялы телефонмен сөйлесіп жалғыз өзі келе жатқан өздеріне бейтаныс Балянды кездестірген.

Содан, Утепов қасақана, пайдақорлық ниеттен, тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық жымқыру, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану қатерін төндіріп, Каревпен адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған тонау мақсатында, ортақ жоспарлаған қылмыстық іс-әрікеттерін қолдап, Балянның қасына барып, соңғының мойыннан қылғындырып ұстап, өсінділердің арасына қарай сүйреп, қолындағы құны 5 000 тенге тұратын «Нокиа Х- 2» ұялы телефонның алып қылмыс орнынан бой тасалап кеткен.

Карев РФ ұсталып қылмыстық жауаптылыққа тартылған, ал Утепов Қазақстанға кетіп қалған.

1. Утеповты қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін бе?

2. Утеповты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы бойынша жауаптылыққа тартуға бола ма?

3. Утеповты Қазақстанда соттаған кезде жазаны қылмыстық құқық бұзушылық жасалған мемлекеттің заңында көзделген санкцияның жоғары

шегінен асыруға бола ма, егер Қазақстан Республикасының қылмыстық заңының санкциясы жоғары болған жағдайда?

№17 есеп

Азамат Баженов 2015 жылдың желтоқсан айының 18-күні сағат 19:00 шамасында Тобыл қаласы, Абай көшесінде тұратын Батыр есімді бажасының тұрғын үй ауласында өзінің жездесі Арманды оң жақ тұсынан бір рет ұрып, соңғының денсаулығына қасақана ауырлығы орташа зиян келтірген.

Тергеп тексеру барысында Баженовтың РФ қылмыс жасап сотталғаны жөнінде мәлімет келген.

Адамның басқа мемлекеттің аумағында сотталғандығының және қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасауының өзге де қылмыстық-құқықтық салдарының, осы адамның Қазақстан Республикасының аумағында жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін қылмыстық-құқықтық мәні бола ма?

№18 есеп

2017 жылғы 16 ақпан сағат 14.00-де Медеу аудандық ішкі істер бөліміне, Алматы қаласы Құрманғазы көшесі мекенжайы бойынша Зенков көшесінің бұрышында, белгісіз жігіттің есірткі қолданып жатқаны жөнінде хабарлама келіп түскен. Полиция оқиға орнына келген соң, ол шетелдің азаматы Борисов екені анықталған.

Медициналық куәландыру қорытындысына сәйкес психобелсенді затты пайдалану фактісі және трамадолды қолданудан туындаған уытқұмарлық мас болуы анықталған.

Жеке тінту барысында одан есірткі табылған, атап айтқанда, ол кептірілген марихуана болып шыққан. Марихуананы ол сату мақсатынсыз сақтаған.

Шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының ауағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жағдайда олардың қылмыстық жауаптылығы қалай шешіледі?

№19 есеп

Сотталушы Беріков бөтен мүлікті бірнеше рет, ірі мөлшерде сенімді теріс пайдалану арқылы жымқырып, жәбірленушілердің мүліктерін алдап алып, алаяқтық қылмысын жасаған.

Беріков 2015 жылдың қараша айында өзінің танысы ресей азаматы Токовпен РФ Челябинск қаласында кездесіп, Қазақстаннан «Хонда CRV» маркалы автокөлігін 600 000 тенгеге алып бере алатынын айтып, екеуара автокөлікті алатын болып келісіп, оның сеніміне кіріп, 2015 жылдың желтоқсан айының 15 күні жәбірленушіден аталған соманы алып, бас пайдасына жаратып, соңғыға мүліктік шығын келтірген.

Осыдан кейін, Беріков өзінің қылмыстық құқық бұзушылық әрекетін одан әрі жалғастырып, бөтен мүлікті сенімді теріс пайдалану жолымен бірнеше рет алдап, өзінің танысы Сапаров арқылы 2016 жылдың желтоқсан айында Баженовпен танысып, соңғының өзіне арзан бағада автокөлік іздеп жүргенін естіп, өзі Алматы қаласындағы «Каспий банкте» аукционға шығып жатқан «Тойота-камри 25» маркалы автокөлігін 750000 тенге алып бере алатындығы туралы жалған айтып, екеуі келіскен.

28.12.2015 жылы Баженов Қызылорда қаласында Беріковке қолма қол 750000 тенгесін берген. Өз кезегінде Беріков жәбірленуші Баженовтан алаяқтық жолмен алған қаражатын бас пайдасына жаратып жіберген.

1. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде жасаған қылмысы бойынша Беріков, егер олар басқа мемлекетте сотталмаған болса және Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болса, қандай елдің қылмыстық заңы бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады?

2. Басқа мемлекеттің аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, ұстап беруге жата ма?

№20 есеп

Қырғыз азаматы Балиев 2016 жылдың қыркүйек айының 09-ы күні сағат 14:10 шамасында, Қызылорда қаласы, Жаппасбай батыр көшесінің бойында ішімдігін ішкен күйде «Мерседес Бенс» маркалы 606 ABZ 11 мемлекеттік белгідегі автокөлігін, Алматы қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 14.12.2015 жылғы қаулысымен Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 608-бабының 1- бөлігімен кінәлі деп танылып, 3 (үш) жылға көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам бола тұра, алкогольдік масаң күйде автокөлікті басқарған.

Балиевтың іс-әрекеті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 346-бабының 1-бөлігімен сараланып, оны көлік құралын басқару құқығынан 3 (үш) жыл мерзімге айыра отырып, 140 (бір жүз қырық) сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартуға жазалаған.

Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін бе?

ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫ

№21 есеп

14.12.2016 ж. сағат 15.30-шамасында Алиев Шалдыр ауданы, Талап ауылындағы «Самал» Мектепке дейінгі балалар мекемесі» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимаратында өзінің бұрын қарызға сатып алған затының ақшасын сұрап барған Жолаковамен өзара сөзге келген кезде, соған ашуланып оны итеріп жіберіп, балабақша ғимаратына кіреберіс есікті жауып қалғанда жәбірленуші Жолакованың оң жақ қолы есік пен босаға арасында қыстырылып қалып қойып, соның салдарынан оған оң жақ білектің кәрі жілік сүйегінің білезік тұсының жабық сынығы түрінде денсаулығына абайсызда ауырлығы орташа зиян келтірген.

Сотталушының кінәсі сонымен қатар жәбірленушінің шағымымен, сот-медициналық сараптама қорытындысымен де толық дәлелденген. Сондықтан Алиевтың әрекеті ҚР ҚК-нің 114-бабының 1-бөлігімен сараланып кінәлі деп танылып, оған жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынған.

1. Бұл әрекет ҚР ҚК-нің 10-бабына сәйкес қылмыстық теріс қылықтар әлде қылмыстар санатына жатады ма?

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қандай белгілеріне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді?

№22 есеп

Азамат Жалиев 22.01.2017 жылы сағат 02.00 шамасында ШҚО, Жасқала ауданы, Талпын ауылы, Махамбет көшесі, №2 мекен-жайда орналасқан «West» кафесі ғимаратының ішінде, мастық күйінде сол кафеге тиесілі стаканды сындырып алып, оның құнын төлеуден бас тартуына байланысты, кафе қызметкерлері Жасқала аудандық ішкі істер бөліміне қоңырау шалып, полиция шақыртқан.

Шамамен 02 сағат 05 минутта аталған кафеге өздерінің қызметтік міндеттерін атқарып жүрген Жасқала АІБ-нің жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторының көмекшісі Жабаев және учаскелік полиция инспекторы Сагиров нысанды киіммен келіп, болған жайтты анықтау үшін Жалиевке өздерімен бірге Тасқала аудандық ішкі істер бөліміне баруын талап еткен.

Алайда Жалиев полиция қызметкерлерінің заңды талаптарына құлақ аспай, бағынудан бас тартқан. Содан соң өзінің қызметін атқарып жүрген Жабаев екінші қайтары Жалиевке полиция бөліміне жүруін талап етіп, қызметтік көлікке отырғызу мақсатымен оның қолынан ұстаған кезде, Жалиев жүлқынып шығып, Жабаевтың нысанды киімде екеніне қарамастан, қоғамдық

орында, кафеге келуші өзге де тұлғалардың көзінше билік өкілін қорлау, яғни оның ар-намысына тиетін «ты мент», «козел» деген балағат сөздер айтқан.

Сот, сотқа дейінгі анықтау органымен сотталушы Жалиевтің құқық бұзушылық әрекеттері ҚР ҚК-нің 378 бабының 2 бөлігімен, яғни билік өкілін өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе оларды атқаруына байланысты қорлау, жария түрде жасалған дәл сол іс-әрекетпен ұштасқан және 379 бабының 1 бөлігімен, яғни билік өкілінің заңды талабына немесе өкіміне бағынбау бойынша кінәлі деп танып 200 (екі жүз) сағатқа қоғамдық жұмысқа тарту жазасы тағайындаған.

1. Жалиевтің бұл іс әрекеті ҚР ҚК-нің 10-бабына сәйкес қылмыстық теріс қылықтар әлде қылмыстар санатына жатады ма?

2. Кафе ғимаратының ішінде, мастық күйінде сол кафеге тиесілі стаканды сындырып алып, оның құнын төлеуден бас тартуына байланысты қандай шешім қабылдау керек?

№23 есеп

2017 жылдың қыркүйек айының 19 күні түнгі сағат 00:00 шамасында сотталушы Ержан спирттік ішімдік ішкен мас халде Нурбаевпен адамдар тобы болып, Созақ ауданы, Ыбырай ауылының «Тоғызтарау» жайылымдық алқабынан қайтып келе жатып жол үстінен түскен бетпақдалада кетіп бара жатқан дала қоянын көрген.

Сол кезде Ержан «Гольф-3» маркалы мемлекеттік тіркеу белгісі Х660UPN автокөлік құралының жарығын қояндарға қарап бағыттап тоқтатқан, ал Нурбаев болса қоянның жарыққа қарап қимылсыз тоқтап қалғанын пайдаланып, 2 бас қоянды 16 - калибрлі, «ЗК» модельді, «Ф» зауыттық сериялы, 1283131 номерлі аңшы қаруымен қасақана атып алу жолымен заңсыз аң аулаған.

Нурбаев Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 337 бабы 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, осы баппен оған аңшылық қызметпен айналысу құқығынан 1 жыл мерзімге айыра отырып, 30 /отыз/ айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 68 070 (алпыс сегіз мың жетпіс) теңге айыппұл салу жазасы тағайындалған.

Ержан Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 337 бабы 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, осы баппен оған аңшылық қызметпен айналысу құқығынан 1 жыл мерзімге айыра отырып 35 /отыз бес/ айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 79 415 (жетпіс тоғыз мың төрт жүз он бес) теңге айыппұл салу жазасы тағайындалған.

1. Ержан мен Нурбаевтың бұл әрекеттері ҚР ҚК-нің 10-бабына сәйкес қылмыстық теріс қылықтар, әлде қылмыстар санатына жатады ма?

2. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қандай жаза түрлері көрсетілген?

№24 есеп

Азамат Давлетов 28.09.2016 жылы күндізгі уақытта оңай жолмен ақша табу мақсатында, қасақана, пайдақорлық ниетпен, бөтеннің мүлкін алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолында, Ақтау қаласы 15 шағынаудан №9а үйінің көлемінде бола тұра, жәбірленуші Гариповқа арзан бағаға жанармай талонын алып беретінін алдап айтып, 56 000 теңгесін алаяқтық жолмен алып, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Нәтижесінде сотталушы Давлетов өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Гариповқа жалпы 56 000 теңгеге материалдық шығын келтірген.

Одан әрі, азамат Давлетов 03.10.2016 жылы күндізгі уақытта оңай жолмен ақша табу мақсатында, өзінің қылмыстық іс-әрекетін жалғастыра отыра, бірнеше рет, қасақана, пайдақорлық ниетпен, бөтеннің мүлкін алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолында, Ақтау қаласы 12 шағынауданы 14 үй 51 пәтер мекен-жайында бола тұра, жәбірленуші Магомедовке тиесілі 84 000 теңге ақшасын алып, арзан бағаға жанармай талонын алып беретінін алдап айтып, 84 000 теңгесін алаяқтық жолмен алып, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Нәтижесінде сотталушы Давлетов өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Магомедовке жалпы 84 000 теңгеге материалдық шығын келтірген.

Давлетов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 бабы 2 бөлігі 2 тармағымен көзделген қылмысты жасауда кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша оның жеке меншігі болып табылатын барлық мүлкі тәркіленіп, 2/екі/ жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, жазасын түзеу колониясының жалпы режимінде өтеуге деп белгіленген.

1. Давлетовтың бұл әрекеттері ҚР ҚК-нің 10-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтың қандай түріне жатады?

2. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қандай жаза түрлері қолданылмайды?

ҚЫЛМЫС САНАТТАРЫ

№25 есеп

Сотталушы Ожауов 16.05.2018 жылы 13 сағат 00 минут шамасында Кентау қалалық жедел-жәрдем станцасына тиесілі «HYUNDAI H-1» маркалы, мемлекеттік белгісі 044 AS/13 автокөлігін басқарып, Кентау қаласы, Торайғыров көшесі, No 8 үйдің, No 7 пәтеріне шақырту бойынша барған.

Содан жедел-жәрдем станцасының қызметкері фельдшер шақырту берген пәтерге кіріп кетіп, арада 20-25 минут өткеннен кейін қайта шығып, қызметтік автокөлікке отырған.

Содан соң, Ожауов жүруді бастамастан бұрын жолаушыларды қауіпсіз тасымалдау шаралары қамтамасыз етілгеніне көз жеткізілгеннен кейін бастауға тиісті бола тұрып, Қазақстан Республикасы «жол жүрісі Қағидасының» 8-тарау, 13-тармақшасын өрескел бұзып, осы жедел-жәрдем станцасына тиесілі автокөлігімен артқы жүріспен қозғалуына маневр қауіпсіз болған және қозғалысқа басқа да қатысушыларға кедергі жасамаған жағдайда рұқсат етіледі деген талаптарын сақтамай, яғни артқа қарай жүру кезінде адамдардың бар-жоғына көз жеткізбей, артқа қарай жүріп, көліктің артқы жағында ойнап жүрген жасөспірімді автокөлігінің артқы бөлігімен соғып, басып өткен, осының салдарынан жасөспірім оқиға орнында қайтыс болған.

Сот, басты сот талқылауында зерттелген дәлелдерге олардың қатыстылығы, жол берушілігі, дұрыстығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысында бағалап, сотталушы Ожауовтың қылмыстық іс-әрекетін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 345-бабының 3-бөлігімен саралайды, өйткені, ол автомобильді, яғни көлік құралын басқаратын адам бола-тұра жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзып, абайсызда адам өліміне әкеп соққан іс-әрекетті жасаған.

1. Сотталушы Ожауовтың бұл әрекеті ҚР ҚК-нің 11-бабына сәйкес қандай санаттағы қылмыс болып танылады?

2. Қылмыс санаттары қандай белгілері бойынша бөлінеді?

№26 есеп

Есақаев пен Рогов сыра спирттік ішімдіктерді 2016 жылдың ақпан айының 25-ші жұлдызы күні, сағат 04:00 шамасына дейін ішіп, тауысқан соң, жақын маңда орналасқан асханалардың біріне барып тамақтануды ұйғарған.

Сөйтіп, Есақаев пен Рогов Азаттық даңғылы бойындағы кафеге қарай бет алған. Аталған мекеме ғимаратына жетіп, ғимараттың жанында орналасқан мекеменің қызметкерлері кіруге арналған есік арқылы, кафе ішіне кірген. Өзіне бейтаныс Есақаев пен Роговтың қызметтік есік арқылы кіргенін көрген, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында аты-жөні толық анықталмаған кафенің аспазшысы оларға қызметтік есіктен бөтен тұлғаларға кіруге тыйым салынғанын ескертіп, ғимараттан шығуларын талап етіп, тыңдамаған жағдайда, кафенің күзетшілерін шақыратынын айтқан.

Есақаев пен Рогов болса, спирттік ішімдік ішкен еліту күйінде кафе аспазшының талабына бағынғысы келмей, ғимараттан шығуға сылбыр әрекеттер жасаған. Есақаев пен Роговтың бұл іс-қимылдарына көңілі толмаған кафенің аспазшысы, кафенің күзетшісі Ерхановты шақырып, бейтаныс тұлғалардың өзіне бағынбай жатқанын жеткізген.

Аспазшының шақыруы бойынша асхана ішіне күзетші Ерханов келіп, өзіне бейтаныс Есақаев пен Роговтан ғимаратты босатуларын талап етіп, оларды екеуі кірген қызметтік есік арқылы далаға шығарып салған.

Ғимараттан шыққан соң, Ерханов, өзіне бейтаныс Есақаев пен Роговпен сөйлесу барысында, олардың қастарына кафенің екінші күзетшісі Абай келіп қосылып, жұмыстасы мен өзіне бейтаныс тұлғалардың арасындағы әңгімелеріне араласып, Есақаев пен Роговтан асхана қызметкерлеріне неліктен дауыс көтеріп, дәрекі сөздермен сөйлескендерін сұраған.

Сол мезетте, Есақаев пен Абайдың арасында, соңғысының айтқан сөздерінің салдарынан өзара келіспеушілік туындаған. Екеуінің арасындағы келіспеушілік Есақаев пен Абайдың жағаласуына ұласып, ол келіспеушілікті Есақаев бұзақылық ниетпен Абайдың денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру арқылы шешуді ниеттеніп және адамның өміріне қауіпті, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруге бағытталған өзінің қылмыстық ойының тұрақты екендігін және соны аяғына дейін жеткізетіндігін білдіре отырып, өзімен бірге болған шаппа пышақты оң қолына ұстап алып, онымен оның ішінен бір рет соққы жасап, бауырының сол жақ бөлігі мен асқазанның серозды қабықшасын осылайша зақымдап, іш қуысына өтпелі тесіп-кесілген «ауыр» дәрежелі дене жарақатын келтірген.

Сол себепті, Есақаев ҚР ҚК-ның 106-бабының 2-бөлігінің 7-тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекетті жасауда кінәлі деп танылып және ҚР ҚК-нің 55-бабының 3-бөлігінің талаптары қолданыла отырып, оған 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазасы тағайындалған.

ҚР ҚК-нің 63-бабының негізінде Есақаев тағайындалған жаза шартты деп саналған.

1. Сотталушы Есақаевтың бұл әрекеті ҚР ҚК-нің 11-бабына сәйкес қандай санаттағы қылмыс болып танылады?

2. Онша ауыр емес қылмыстарға қандай іс әрекеттер жатады?

№27 есеп

Азамат Ерғазиев, 24.06.2017 жылы сағат 23.10 шамасында маркасы «Ауди В4» автокөлігін Семей қаласы, Бозтаев көшесімен келе жатып, көлік құралын жүргізушісі ретінде Қазақстан Республикасының «Жол қозғалысы Ережесінің» 8-бөлімінің 1-тармағында көрсетілген «Жүргізуші маневрді орындауды бастамас бұрын жарық көрсеткіштермен, егер олар жоқ болса немесе ақауы болса – колмен, тиісті мақсатта, сигнал беруге міндетті. Мұндайда маневр қауіпсіз және қозғалысқа басқа қатысушыларға кедергі туғызбауы тиіс», және 8-бөлімінің 9-тармағында көрсетілген «Рельссіз көлік құралының жүргізушісі қиылыстан тыс жерде солға немесе кері бұрылған кезде сол жақ шеттен маневрды орындау үшін жүріс бөлігінің ені жеткіліксіз болса, онда жүріс бөлігінің тек қана оң жақ шетінен бұрылуға жол береді. Мұндайда жүргізуші бағыттас немесе қарсы келе жатқан көлік құралына жол беруге міндетті»- деген талаптарын өрескел бұзып, өзінің қылмыстық менмендігімен, ешқандай жол қауіпсіздік ережелерін қамтамасыз етпестен, ары қарай кедергісіз қозғалуды

жалғастыруға мүмкіндік беретін маневр жасаудың қауіпсіздігіне көз жеткізбей, өзінің әрекетімен жол қозғалысының басқа қатысушыларының өмірімен денсаулығына қауіп туғызатынын түсіне отырып, алайда қылмыстық менмендік пен абайсыздық таныта отырып және осы тікелей маневр жасаудың алдында қарсы тура бағытта қозғалып келе жатқан автомобильді көре тұра, Островский көшесіне бұрылу маневрін жүзеге асыра бастаған.

Маневрді орындау кезінде жүргізуші Ерғазиев Бозтаев көшесімен қарсы бағытта тура қозғалып келе жатқан Ралилов басқарған «Тойота Королла» маркалы автокөлігімен соқтығысып, жол-көлік оқиғасын жасаған.

Орын алған жол-көлік оқиғасының салдарынан маркасы «Ауди В 4» автокөлігінің жолаушысы Ағаров әр түрлі дене жарақаттарын алып, сол жерде өзіне келмей қайтыс болған.

Сотта зерттелген № 526 –ші 26.06.2017 жылғы сот-медициналық сараптаманың қорытындысы бойынша 1977 жылы туған азамат Ағаровтың өлімі мәйітті зерттеу кезінен бір тәулік бұрын болған. Омыртқа бағанасы екінші мойын бөлігінің және кеуде қуысының сынуымен, екі жағынан көптеген қабырғаларының сынуымен, травматикалық шокпен асқынған бауыр тіндерінің жыртылуы, омыртқа бағанасының мойын бөлігімен қосарласқан жабық жарақаты-өлімінің себепкері болған. Осы жарақат өміріне қауіп төндіру дәрежесі бойынша денсаулығына ауыр зиян келтірген.

Бұл жарақаттар қаулыда көрсетілген мерзімде, жол-көлік оқиғасы кезінде қатты, моқал заттардың әрекет етуінен алынуы мүмкін.

Сондықтан, сот сотталушы Ерғазиевтың іс-әрекетін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 345 бабының 3 бөлігімен саралайды. Ерғазиев Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 345 бабының 3 бөлігінде көрсетілген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған осы бап негізінде 5 (бес) жылға көлік құралын жүргізу құқығынан айырып, 2 (екі) жыл 6 (алты) айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабын қолданып, 2 (екі) жыл 6 (алты) айға тағайындалған бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын шартты деп танылған.

Қылмыстық кодекстің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша, сотталған Ерғазиевқа бас бостандығынан айырудың барлық тағайындалған мерзіміне пробациялық бақылау белгіленген және төменгідей міндеттер орындалуы жүктелген: мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін жерін өзгертпеу, мамандандырылған органның рұқсатынсыз белгілі бір жерлерге бармау, жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу, басқа да жерлерге бармау міндеттерін орындау жүктелген.

1. Сотталушы Ерғазиевтың бұл әрекеті ҚР ҚК-нің 11-бабына сәйкес қандай санаттағы қылмыс болып танылады?

2. Ауырлығы орташа қылмыстарға қандай қылмыстық іс әрекеттер жатады?

3. Абайсызда жасалған қылмыстар, қандай санаттағы қылмыстарға жатады?

№28 есеп

04.04.2016 жылы сағат 12-00 шамасында, азамат Манас бөтеннің мүлкін жасырын түрде ұрлау мақсатында, автокөлігімен ОҚО Ордабасы ауданы Сарыарық ауылының солтүстік беткейіндегі Арыс өзені жағасына барып, сол жерде жайылып жүрген азамат Әсілдің жеке меншігіндегі құны 80000 теңге тұратын бір бас, бір жыл үш айлық, ақ-ала түсті өгізшесін автокөлігінің ішіне салып жасырын түрде ұрлап алып кеткен.

07.05.2016 жылы сағат 17-30 шамасында азамат Манас бөтеннің мүлкін бірнеше рет жасырын түрде ұрлау мақсатында «Ваз 2109» үлгілі автокөлігімен ОҚО Ордабасы ауданы Сарыарық ауылының солтүстік беткейінде жайылымға барып, сол жерде жайылып жүрген азамат Реталиевтың жеке меншігіндегі құны 100000 теңге тұратын бір бас, бір жарым жасар, қара түсті өгізшесін автокөлігінің ішіне салып жасырын түрде ұрлап алып кеткен.

04.07.2016 жылы сағат 15-30 шамасында азамат Манас бөтеннің мүлкін бірнеше рет жасырын түрде ұрлау мақсатында, «Ваз 2109» үлгілі автокөлігімен ОҚО Ордабасы ауданы Қараспан ауыл округіне қарасты Жаңатұрмыс ауылының оңтүстік беткейінде жайылымға барып, сол жерде жайылып жүрген Тұмабайдың жеке меншігіндегі құны 65 000 теңге тұратын бір бас, бір жарым жасар, қоңыр түсті бұзауын автокөлігінің ішіне салып жасырын түрде ұрлап алып кеткен.

24.07.2016 жылы сағат 20-30 шамасында азамат Манас бөтеннің мүлкін бірнеше рет жасырын түрде ұрлау мақсатында автокөлігімен ОҚО Ордабасы ауданы Қараспан ауыл округіне қарасты Батыр ата ауылының оңтүстік беткейінде Арыс өзені жағасындағы жайылымға барып, сол жерде жайылып жүрген азамат Арабаевтың жеке меншігіндегі жалпы құны 180 000 теңге тұратын бір бас, алты айлық, ақ-ала түсті ұрғашы бұзауын, одан кейін алты айлық екі бас қоңыр, қара түсті бұзауларын автокөлігінің ішіне салып жасырын түрде ұрлап алып кеткен.

18.09.2016 жылы сағат 16-30 шамасында азамат Манас бөтеннің мүлкін бірнеше рет жасырын түрде ұрлау мақсатында автокөлігімен ОҚО Ордабасы ауданы Шұбар ауыл округіне қарасты Сарытоғай ауылының шығыс жақ беткейінде Арыс өзені жағасындағы жайылымға барып, сол жерде жайылып жүрген Апанованың жеке меншігіндегі құны 65 000 теңге тұратын бір бас, жеті айлық, қара-ала түсті бұзауын автокөлігінің ішіне салып жасырын түрде ұрлап алып кеткен.

03.10.2016 жылы сағат 16-30 шамасында азамат Манас бөтеннің мүлкін бірнеше рет жасырын түрде ұрлау мақсатында «Ваз 2109» үлгілі автокөлігімен ОҚО Ордабасы ауданы Шұбар ауыл округіне қарасты Сарытоғай ауылының шығыс жақ беткейінде Арыс өзені жағасындағы жайылымға барып, сол жерде жайылып жүрген Сахимованың жеке меншігіндегі құны 60 000 теңге тұратын бір бас, сегіз айлық, ақ түсті бұзауын автокөлігінің ішіне салып жасырын түрде ұрлап алып кеткен.

12.10.2016 жылы сағат 16-30 шамасында азамат Манас бөтеннің мүлкін бірнеше рет жасырын түрде ұрлау мақсатында «Ваз 2109» үлгілі автокөлігімен

ОҚО Ордабасы ауданы Шұбар ауыл округіне қарасты Сарытоғай ауылының шығыс жақ беткейінде Арыс өзені жағасындағы жайылымға барып, сол жерде жайылып жүрген Рашбекованың жеке меншігіндегі құны 60 000 теңге тұратын бір бас, сегіз айлық, ақ-ала түсті бұзауын автокөлігінің ішіне салып жасырын түрде ұрлап алып кеткен.

Азамат Манас, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабы 2-бөлігі 2)-тармағымен кінәлі деп танылып, мүлкі тәркіленіп, 2 (екі) жыл мерзімге бас бостандық еркінен айыру жазасы тағайындалған

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңының 3-бабының талабына сәйкес сотталған Манасқа тағайындалған негізгі жаза, яғни бас бостандығынан айыру жазасы сол мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасына ауыстырылып, нақ сол мерзімге пробациялық бақылау белгіленген.

1. Сотталушы Манастың бұл әрекеті ҚР ҚК-нің 11-бабына сәйкес қандай санаттағы қылмыс болып танылады?

2. Қандай іс әрекет ауыр қылмыстарға жатады?

№29 есеп

12.11.2017 жылы Ақтөбе облысы Кобда ауданы тұрғындары Нурғазин мен Субаев адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы, пайдакүнемдік ниетпен, ірі мөлшерде бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсатында, БҚО, Шыңғырлау ауданы, Алмаз ауылдық округіне қарасты «Чапай» елді мекенінен, солтүстік шығыс бағытқа қарай 3 шақырым жердегі, еркін жайылымда жайылып жүрген, «Жомарт» ЖШС-не тиесілі 22 бас жылқыны жасырын жымқырып, оқиға болған жерден бой тасалаған.

Нәтижесінде Нурғазин мен Субаев қылмыстық әрекетімен жәбірленуші Жировқа 3 750 000 теңге ірі мөлшердегі материалдық залал келтірілген.

Нурғазин Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188 бабы 3 бөлігі бойынша айыпты деп танылып, ҚР ҚК-нің 55 бабы 3 бөлігіне сай, оған 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзім тағайындалып, бас бостандығынан айырылған.

Оған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63 бабы қолданылып, тағайындалған жазасы шартты түрде есептелінген. ҚР ҚК-тің 63-бабының 3 бөлігіне сай, жаза өтеу мерзіміне пробациялық бақылау белгіленіп төмендегі міндеттер жүктелген: - бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай тұрақты тұрғылықты жерін ауыстырмау, - тұрғылықты жерінен кешкі сағат 22.00 бастап таңғы сағат 06.00 дейін ешқайда кетпеу, - арақ ішімдігін ішетін қоғамдық жерлерге бармау және жұмысқа орналасу міндеттері жүктелген.

Субаев 188 бабы 3 бөлігі бойынша айыпты деп танылып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 55 бабы 3 бөлігіне сай, оған 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзім тағайындалып, бас бостандығынан айырылған.

1. Сотталушылардың бұл әрекеттері ҚР ҚК-нің 11-бабына сәйкес қандай санаттағы қылмыс болып танылады?

2 Жасалғаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер қандай қылмыстар деп танылады?

№30 есеп

Сотталушы Қуғанов, 08 қараша 2019 жылы сағат 06.00 шамасында, қасқана пайдакүнемдік ниетпен, бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына тікелей осындай күш қолдану қатерін төндіру мақсатында, ішкілікті масаң күйінде, Маңғыстау ауданы «Адай» базасы жол қыйылысында орналасқан аялдамадан Римбаевтың басқаруындағы маркасы «Ravon» автокөлігіне отырған.

Содан соң, өзімен бірге алып жүрген пышақты Римбаевтың мойнына тақап қорқытып, Маңғыстау селосы темір-жол вокзалы қасында орналасқан «Тоқжан» дүкенінен сыра алып беруын талап еткен. Римбаев қорыққанынан, дүкеннен 8 дана сыра алып, Қуғановқа әкеп берген.

Сыраны ішіп алған Қуғанов Римбаевқа Мұнайлы ауданы Даулет селосы көлемінде орналасқан ашық жерге апаруын талап етіп, сол жерде Римбаевты ұрып-соғып, автокөлікті беруін талап етіп, оның көйлегінің қалтасында болған 8800 теңгесін және автокөлік ішіндегі тиын салғышта тұрған 1490 теңге тиындарын тартып алып қарақшылық жасап, өзіне көп ақша керектігін айтып банкомат кәртiшкелері болса беруін талап еткен.

Содан соң, Римбаев өз автокөлігін Мұнайлы ауданы полиция бөлімінің алдына қарай бұрып, автокөлік ішінен қашып түсіп полиция қызметкерлерінен көмек сұраған, сол кезде Қуғанов автокөлік ішінен түсіп, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Нәтижесінде, Қуғанов өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Римбаевқа 10 290 теңгеге материалдық шығын келтірген.

Қуғанов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 192 бабы 2 бөлігінің 4 тармағында көзделген қылмыстық әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеуге деп белгіленген.

1. Сотталушының бұл әрекеті ҚР ҚК-нің 11-бабына сәйкес қандай санаттағы қылмыс болып танылады?

2. Жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттер қандай қылмыстар деп танылады?

№ 31 есеп

Сотталушы Абасов 6-қаңтар 2020 жылы 00 сағат 15 минут шамасында «Халық банкі» АҚ-ның күзетшісі Ойлаевтың шақыртуы бойынша барған полиция қызметкерлері оның алкогольдік масаң күйде қоғамдық орында адамның қадір қасиетіне нұқсан келтіретіндей күйде жүргені үшін Бейнеу аудандық полиция бөліміне алып келіп, әкімшілік хаттама толтыру барысында Бейнеу аудандық полиция бөлімінің инспекторы Абаевты балағаттап, намысына тиетін сөздер айтып қорлаған.

Басты сот талқылауында сотталушы Абасов кінәсін толық мойындап, 5-қаңтар 2020 жылы Бейнеу селосында тұратын нағашысының үйіне келіп, арақ ішіп, мас күйде көшеде жүргенінде полиция қызметкерлері ұстағанын, мастықпен полиция қызметкерлерімен қарсыласып, балағаттағанын, істеген әрекетіне өкінетінін, кешірім сұрайтынын, енді мұндай жағдай қайталанбайтынын айтып, жеңіл жаза қолдануды сұраған.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Абаев 6-қаңтар 2020 жылы 00 сағат 15 минут шамасында «Халық банкі» АҚ-ның күзетшісі Ойлаевтың шақыртуы бойынша барған кезде Абасов қатты мас күйінде өздерімен қарсыласып, кейін полиция бөліміне алып келіп әкімшілік хаттама толтыру кезінде өзін балағаттап, намысына тиетін сөздер айтып қорлағанын айтты, сот Абасовтың әрекетін ҚР ҚК-нің 378-бабының 1-бөлігімен, билік өкілін өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде қорлау деп саралайды.

Абасов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 378-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 40 (қырық) сағатқа қоғамдық жұмысқа тарту жазасы тағайындалған.

1. Сотталушының бұл іс әрекеті ҚР ҚК-нің 11-бабына сәйкес қандай қылмыс санаттарына жатады?

2. Жасалғаны үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер қандай қылмыстар деп танылады?

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ БІРНЕШЕ РЕТ ЖАСАЛУЫ

№ 32 есеп

Саялы ықшам ауданына Балбек автокөлігімен 22.01.2018 жылы түнгі сағат 04:30 шамасында келген, содан сотталушы Балбек қылмыс жасау іс әрекетін жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласы, Саялы ықшам ауданы, Жастар көшесінің бойындағы тұрғын үйдің алдына келіп, көше бойында тұрған автокөліктің қасына келіп, автокөліктің есігін бұзып ашып, бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыру ойымен автокөліктің капотын ашып, автокөліктің айналасында басқа ешкім жоқтығын пайдаланып, және өзін жан-жақтан ешкім

көріп тұрмағанына әбден көзі жетіп «Хонда» автокөлігінің құны 10 000 тенге тұратын аккумуляторын жасырын түрде жымқырып алып, автокөлігіне отырып, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Нәтижесінде Балбек өзінің қылмыстық әрекетімен жәбірленуші азамат Татковаға жалпы құны 10000 теңге мүліктік шығынын келтірген.

Өзінің жасаған қылмысымен шектелмей, қылмыстық іс-әрекетін одан ары жалғастырып, тұрып жатқан Ақан сері көшесі No17 мекен жайдан мемлекеттік нөмері 124 АИВ 02 «Ниссан сефиро» маркалы автокөлігімен шығып, Алатау ауданы, Шаңырақ-2 ықшам ауданы Жиделі көшесінің бойында тұрақтанып тұрған автокөліктердің аккумуляторын жасырын түрде бөтеннің мүліктерін жымқырмақшы болып алдын ала жоспар құрған.

Содан өзінің алдын ала құрған жоспары бойынша Шаңырақ-2 ықшам ауданына автокөлігімен 23.01.2018 жылы түнгі сағат 01:00 шамасында келген, содан сотталушы Балбек қылмыс жасау іс әрекетін жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласы, Шаңырақ-2 ықшам ауданы, Жиделі көшесінің бойындағы тұрғын үйдің алдына келіп, көше бойында тұрған мемлекеттік нөмірі 810 КРА 05 «фольсфаген пассат» автокөлігінің артқы есігін ашып, бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыру ойымен автокөліктің капотын ашқан, сосын автокөліктің айналасында басқа ешкім жоқтығын пайдаланып, және өзін жан-жақтан ешкім көріп тұрмағанына әбден көзі жетіп «фольсфаген пассат» автокөлігінің құны 15 000 тенге тұратын аккумуляторын жасырын түрде жымқырып алып, автокөлігіне отырып, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Нәтижесінде Балбек өзінің қылмыстық әрекеттерімен жәбірленуші азамат Думакаевқа жалпы құны 15 000 теңге мүліктік шығынын келтірген.

1. Балбектің іс әрекетінде жалғаспалы, созылмалы немесе қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы бар ма?

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуының түсінігін беріңіз.

№ 33 есеп

Бұрын ұрлық жасағаны үшін 5 жылға сотталып шыққан Жарасов, бір жылдан соң, өзінің қылмыстық іс-әрекетін одан ары жалғастыру мақсатында Алатау ауданы, Шаңырақ-1 ықшам ауданы Мәриям көшесінің бойында тұрақтанып тұрған автокөліктердің аккумуляторын жасырын түрде бөтеннің мүліктерін жымқырмақшы болып алдын ала құрған жоспары бойынша автокөлігімен 25.01.2018 жылы түнгі сағат 01:30 шамасында келген.

Содан сотталушы Жарасов қылмыс жасау іс әрекетін жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласы, Шаңырақ-1 ықшам ауданы, Мәриям көшесінің бойындағы тұрғын үйдің алдына келіп, көше бойында тұрған мемлекеттік нөмірі 879 FOA 08 «Тайота карола» автокөлігінің артқы есігін ашып, бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыру ойымен автокөліктің капотын ашқан,

автокөліктің айналасында басқа ешкім жоқтығын пайдаланып, және өзін жан-жақтан ешкім көріп тұрмағанына әбден көзі жетіп «Тайота карола» автокөлігінің құны 15 000 тенге тұратын аккумуляторын жасырын түрде жымқырып алып, автокөлігіне отырып, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Нәтижесінде Жарасов өзінің қылмыстық әрекетімен жәбірленуші азамат Азаровқа жалпы құны 15 000 теңге мүліктік шығынын келтірген.

1. Жарасовтың іс әрекеті қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуына жата ма?

2. Құрамдас қылмыстар дегеніміз не?

№ 34 есеп

Байбеков Құрлысшы ықшам ауданы Сложные көшесінің бойында тұрақтанып тұрған автокөліктердің аккумуляторын жасырын түрде бөтеннің мүліктерін жымқырмақшы болып алдын ала жоспар құрған. Содан өзінің алдын ала құрған жоспары бойынша Құрылысшы ықшам ауданына автокөлігімен 27.01.2018 жылы түнгі сағат 00:00 шамасында келген, содан сотталушы Байбеков қылмыс жасау іс әрекетін жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласы, Құрылысшы ықшам ауданы, Сложные көшесінің бойындағы тұрған үйдің алдына келіп, көше бойында тұрған мемлекеттік нөмірі 222 LWA 05 «Ваз лада» автокөлігінің алдыңғы есігін ашпақшы болған, сол кезде автокөліктің дабыл қаққышы қатты ойнап кеткен, содан сотталушы Байбеков сасқалақтап қорқып кетіп, жәбірленушінің құны 15 000 тенге тұратын аккумуляторын ұрламақшы болған, бірақта өзінің қылмыстық іс әрекеттерін аяғына дейін жеткізе алмай, автокөлігіне отырып, оқиға болған жерден бой тасалап кетіп қалған.

Нәтижесінде өзінің қылмыстық әрекетімен жәбірленуші азамат Жабаевқа жалпы құны 15 000 теңге мүліктік шығынын келтірмекші болған.

Өзінің жасаған қылмысымен шектелмей, қылмыстық іс-әрекетін одан ары жалғастырып, Байбеков автокөлігімен, 27.01.2018 жылы түнгі сағат 02:30 шамасында Алматы қаласы, Алғабас ықшам ауданы, Бөгенбай батыр көшесінің бойындағы тұрғын үйдің алдына келіп, көше бойында тұрған мемлекеттік нөмірі 383 UNZ 05 «Митсубици галант» автокөлігінің артқы есігін ашып, бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқырыу ойымен автокөліктің капотын ашып, өзінен басқа ешкім жоқтығын пайдаланып, және өзін жан-жақтан ешкім көріп тұрмағанына әбден көзі жетіп «Митсубици галант» автокөлігінің аккумуляторын жасырын түрде жымқырып алып, автокөлігіне отырып, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Нәтижесінде өзінің қылмыстық әрекетімен жәбірленуші азамат Думанға жалпы құны 15 000 теңге мүліктік шығынын келтірген.

1. Байбековтың іс әрекеті жалғаспалы, созылмалы немесе қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуына жата ма?

2. Созылмалы қылмыстар дегеніміз не?

№ 35 есеп

Бопанов ашық түрде бөтеннің мүліктерін жымқырмақшы болып алдын ала жоспар құрған. Содан өзінің алдын ала құрған жоспарлары бойынша Алғабас ықшам ауданына Бопанов таксимен 27.01.2018 жылы түнгі сағат 03:00 шамасында келген, содан сотталушы Бопанов қылмыс жасау іс әрекетін жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласы, Алғабас ықшам ауданы, Қабанбай батыр көшесінің бойындағы тұрғын үйдің алдына келіп, үйіне қарай кетіп бара жатқан азамат Айбекті көріп анасына телефон соғамын деп Нокиа маркалы телефонын сұрап алған. Анасымен сөйлесіп жатқан сыңай танытып айналасында өздерінен басқа ешкім жоқтығын пайдаланып, телефонды курткасының қалтасына салып қаша жөнелген. Жәбірленушінің оны қуып жете алмағанын пайдаланып, жолда такси тоқтатып оқиға болған жерден кетіп қалған.

Нәтижесінде Бопанов өзінің қылмыстық әрекетімен жәбірленуші азамат Айбекке жалпы құны 30 000 теңге мүліктік шығынын келтірген.

Азамат Бопанов, 02.02.2018 жылы түнгі сағат 23:40 шамасында қылмыс жасау іс әрекетін жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласы, Шаңырақ-2 ықшам ауданы, Өркен көшесінің бойындағы тұрғын үйдің алдына келіп, көше бойында тұрған мемлекеттік нөмірі 210 ANB 02 «Марк-2» автокөлігінің айналасында ешкім жоқтығын пайдаланып, және өзін жан-жақтан ешкім көріп тұрмағанына әбден көзі жетіп «Марк-2» автокөлігінің құны 15 000 теңге тұратын оң жақтағы айнасын жасырын түрде жымқырып алып, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

1. Бопановтың іс әрекеттері қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуына жата ма?

2. Жалғаспалы қылмыстар дегенді қалай түсінесіз?

№ 36 есеп

03.02.2018 жылы түнгі сағат 00:20 шамасында, сотталушы Райымбек түнгі клубтан келе жатып, Алматы қаласы, Шаңырақ-2 ықшам ауданы, Аубакиров көшесінің бойындағы тұрғын үйдің алдына қабырғаға сүйеулі тұрған «Кама» велосипедін көріп, маңайда ешкімнің жоқтығын пайдаланып, велосипедке отырып кетіп қалған. Ары қарай велосипедті өз қажеттілігіне қолдану үшін, ешкім көрмесін деп, үйінің ауласына апартып тығып қойған.

Нәтижесінде Райымбек өзінің қылмыстық әрекеттерімен жәбірленуші азамат Қоянбаевқа жалпы құны 40 000 теңге мүліктік шығынын келтірген.

Құқық қорғау органдарына ұсталып қалған Райымбек өз іс әрекетінің қылмыс деп ойламағанын, тек қана әкімшілік шара қолдануы мүмкін деп велосипедті иемденгенін айтқан.

1. Райымбектің қоғамға қауіпті іс әрекетіне байланысты жөніндегі қате түсінігі қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін әсері бар ма?

2. Қылмыстық құқықтағы нақты және заңды қателіктер деп не түсініледі, олардың кінә мен қылмыстық жауапкершілікке әсері қандай?

№ 37 есеп

2021 жылғы 24 қаңтарда 03 сағат 00 минут шамасында Бошанов досы Дымбековтың ұсынысы бойынша алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобын құрып ірі мөлшерде мал ұрлау, яғни бөтеннің малын жасырын жымқыру мақсатында Іле ауданына қарасты Междуреченск ауылдық округінің Алматы-Нұр-Сұлтан тас жолының 43- шақырымында орналасқан Онбаев шаруа қожалығына барған.

Бошанов пен Дымбеков аталған шаруа қожалығының мал қораның ауласына есігінің аспалы құлыптың тұтқасын анықталмаған затпен сындыру арқылы ашып кірген және байлаулы тұрған Сынбаеваға тиесілі әр-қайсысының құны 780300 мың теңге тұратын үш бас жылқы малын бастарына киіліп тұрған әр-қайсысының құны 1325 теңге тұратын, яғни болмашы мөлшердегі үш ноқтасымен бірге жасырын жымқырған.

Сонымен Бошанов пен Дымбеков жәбірленуші Сынбаеваның, яғни 3 975 теңгеге ұсақ-түйек жымқыру мен 2021 жылғы 2917 теңге құрған айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын 2340900 теңге құрайтын ірі мөлшерде мал ұрлау жасаған.

2021 жылғы 11 ақпанда 03 сағат 00 минут шамасында Дымбеков мал ұрлау, яғни бөтеннің малын бірнеше рет жасырын жымқыру мақсатында Іле ауданындағы Дос ауылына барған.

Дымбеков шеткі үйдің мал қорасының ауласына құлыптанбаған есігі арқылы кіріп, байлаулы тұрған Мукеновқа тиесілі құны 500 мың теңге тұратын бір бас жылқы малын жасырын жымқырған.

Бошанов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-1 бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен және 187-бабының бірінші бөлігімен кінәлі деп танылған, және оған:

- ҚР ҚК-нің 188-1 бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен 6 (алты) жыл мерзімге бас бостандығын айыру түрінде жаза тағайындалған;

- ҚР ҚК-нің 187-бабы бірінші бөлігімен 40 (қырық) сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалған;

- ҚР ҚК-нің 58-бабының екінші бөлігін басшылыққа алынып, Бошановқа жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы 6 (алты) жыл мерзімге бас бостандығын айыру түрінде жаза тағайындалған.

Дымбеков ҚК-нің 188-1 бабы үшінші бөлігінің 1), 2) тармағымен және ҚК-нің 187-бабының бірінші бөлігімен кінәлі деп танылып, және оған:

- ҚР ҚК-нің 188-1 бабы үшінші бөлігінің 1), 2) тармағымен 5 (бес) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығын айыру түрінде жаза тағайындалған;

- ҚР ҚК-нің 187-бабы бірінші бөлігімен 40 (қырық) сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалған;

- ҚР ҚК-нің 58-бабының екінші бөлігін басшылыққа алынып, Дымбековқа жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы 5 (бес) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығын айыру түрінде жаза тағайындалған.

1. Бошановтың іс әрекеттерінде қылмыстардың қайталануы бар ма?

2. Дымбековтың қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекеттерінде бірнеше рет қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуы бар, неліктен?

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖИЫНТЫҒЫ

№ 38 есеп

14.10.2021 жылы түнгі сағат 23 кезінде Бекова Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Райымбек даңғылының бойындағы «Нар» базарының маңындағы Карьерная көшесінде орналасқан дәмханаға келген. Дәмханада араласып жүрген жігіті Маманның Айжан және Арай есімді екі қыздың ортасында отырғанын көріп, қызғаныш сезімі туындаған. Ол жүгіріп барып, барда тұрған ас үй пышағын алып, үстел басындағылардың жанына барып, қызғаныштан денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру мақсатында Арайдың арқасына пышақпен екі рет соққы келтірген.

Нәтижесінде, Бекова жәбірленуші Арайға оң жақта кіші гемоторакспен (плевралық қуыста 20 мл қан), оң жақ апикальды пневмоторакспен асқынған кеуде қуысының екі жағынан енетін-кесілген дене жарақаттарын, яғни өмірге қауіптілік белгісі бойынша денсаулыққа ауыр зиян келтірген.

15.10.2021 жылы Бекова мен Маман екеуі адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен пайданкүнемдік ниетпен бөтеннің мүлкін ашық жымқыру туралы қылмыстық жоспар құрған. Қылмыстық пиғылдарын жүзеге асыру үшін Бекова кешкі сағат 18 кезінде Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Райымбек даңғылының бойындағы «Нар» базарының аумағында орналасқан «Алдияр» дәмханасында отырған. Осы кезде Бекова көрші үстелдің басында отырған Ербаевтың қолындағы құны 93 000 теңгелік «Samsung A20» маркалы ұялы телефонын қолынан жұлып алып, қаша жөнелген. Ербаев Бекованың соңынан қуа жөнелген.

Қашып бара жатқан Бекова қолындағы жәбірленушінің ұялы телефонын жерге түсіріп алып, Ербаев екеуі ұялы телефонға таласып қалған. Осы кезде Маман келіп, Ербаевқа шапалақпен бір соққы келтіріп, яғни жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, ұялы телефонды ашық жымқырған.

Нәтижесінде Бекова мен Маман пайданкүнемдік ниетпен адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына

қауіпті емес күш қолданып, жәбірленушінің мүлкін ашық жымқырып, яғни тонап, 93 000 теңгеге материалдық залал келтірген.

Бековаға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 106-бабы 1-бөлігімен көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған ҚР ҚК-нің 106-бабы 1-бөлігі бойынша 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындаған.

Бековаға Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 191-бабы 2-бөлігі 1, 3 тармақтарымен көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған ҚК-нің 191-бабы 2-бөлігі 1, 3 тармақтары бойынша 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 58-бабы 1, 3 бөліктері негізінде жазаларды ішінара қосу арқылы Бековаға түпкілікті 4 (төрт) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған.

Маманға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 191-бабы 2-бөлігі 1, 3 тармақтарымен көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған ҚР ҚК-нің 191-бабы 2-бөлігі 1, 3 тармақтары бойынша 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 63-бабына сәйкес тағайындалған жаза шартты деп саналып, осы Кодекстің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша Маманға бас бостандығынан айырудың барлық тағайындалған мерзіміне, яғни 3 (үш) жылға пробациялық бақылау белгіленген.

1. Бекованың іс әрекетінде қылмыстардың жиынтығы бар ма?
2. Қылмыстың көптілігі дегеніміз не?

№ 39 есеп

Сотталушы Бугаров 10.08.2019 жылы Мақтаарал ауданы, Мақтаарал ауылдық округі, Азаттық ауылына қарасты, Шымкент- Мақтаарал тас жолы бойында орналасқан автопаркте уақытша күзетші болып жұмыс жасап жүріп, тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй жайға, қоймаға заңсыз кірумен ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсатында автопарк аумағында орналасқан бассейн ғимаратының ішіндегі, ерлер киім ауыстыратын жерінде, No84 киімдер тұратын жәшіктің есігін тартып, ашып, жәбірленуші Алиевке тиесілі құны 115 000 теңге тұратын қара түсті, «Самсунг Галакси А8» маркалы ұялы телефонын және телефонның қаптағышының ішіндегі 21 000 теңге ақшасын жасырын жымқырып, жәбірленушіге жалпы сомасы 136000 теңге материалдық залал келтірген.

Сонымен қатар, сотталушы Бугаров 18.08.2019 жылы сағат 02:30 шамасында Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Төрекұлав көшесінің бойында орналасқан мәдениет үйінің алдында тұрған кезінде, мәдениет үйінің алдынан өтіп бара жатқан Биманды көріп, бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасау мақсатында оны

тоқтатып, соңғының сол көзінің тұсынан оң қол жұдырығымен ұрып, оң аяғының тізесімен оның маңдай тұсынан теуіп, жерге құлатып тепкілеген.

Содан соң Биман, тепкілерден орнынан тұрған кезде, сотталушы Бугаров оның ақ түсті спортивкасынан ұстап алған, осы уақытта ол спортивкасын өзінің үстінен шешіп, оқиға болған жерден қашып кеткен.

Осылайша Бугаров ҚР ҚК-нің 188-бабы 2-бөлігі, 3) тармағы және 293-бабы 1-бөлігімен қылмыстық жауаптылыққа тартылған.

1. Бугаровтың қылмыстық іс әреткетінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бар ма, әлде ол жалғаспалы қылмыстық құқық бұзушылық жасады ма?

2. Қылмыстардың жиынтығы дегеніміз не, олардың түрлерін атаңыз?

№ 40 есеп

29.06.2019 жылы кешкі сағат 21 кезінде Ерметов, Ғалымбеков Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Шұғыла ықшамауданы, Абденов көшесі бойындағы «Нан» дәмханасына келген. Өздерімен бірге таныстары Аянова мен оның сіңлісі Асаданы шақырған. Біраздан кейін Асада дәмханадан кетіп қалып, құрбысы Ранкулова, таныстары Дубов, Жаныбековпен қайтып келіп, көрші үстелге отырған. Асада кеш барысында екі үстелде отырған екі топтың арасында келіп-кетіп жүрген.

Сағат түнгі 00:30 кезінде Асада мен Жаныбековтың арасында сөзге келіспеушілік туындаған. Оны байқаған Ерметов пен Ғалымбеков бұзақылық ниеті туындап, яғни олар болмашы нәрсені сылтауратып, қоғамдық тәртіп пен қоғамды анық құрметтемей, азаматтарға күш қолдану арқылы аса қатігездікпен бұзып, адамдар тобы болып, қолдарына тергеумен анықталмаған пышақты алып, көрші үстелде отырған Дубов пен Жаныбековтың қастарына келген.

Келе сала Ерметов мән-жайды ешбір анықтамастан, еш себепсіз, болмашы нәрсені сылтауратып, бұзақылық ниетпен қолындағы пышақпен Дубовтың сол жақ санының ортаңғы үштен бір бөлігіне соққы келтірген.

Нәтижесінде, Ерметов Дубовтың денсаулығына шаншылып кесілген жарақаты түріндегі жеңіл дәрежедегі зиян келтірген. Онымен де тоқтамай, Рахметов. артында тұрған Жаныбековке бұрылып келіп, ешбір себепсіз, болмашы нәрсені сылтауратып, бұзақылық ниетпен денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмыстық ойын жүзеге асырып, тергеумен және сотпен анықталмаған қолындағы пышақпен Жаныбековтың оң жақ қабырға тұсынан бір мәрте соққы келтірген.

Нәтижесінде, Рахметов. Жаныбековтың көкірек қуысы мен ішастарішілік қансырауына әкеп соқтырған, бауырын жарақаттаумен ұштасқан, оң жақ көкірек қуысы мен ішастарішілігін тесіп өткен шаншып-кесілген жарақат келтіріп, өмірі үшін қауіптілік белгісі бойынша денсаулыққа келтірілген ауыр дәрежедегі зиян келтірген.

Пышақпен алған соққыдан кейін отыра қалып, еңбектеп қашып бара жатқан Жаныбековке Ғалымбеков еш себепсіз, болмашы нәрсені сылтауратып, бұзақылық ниетпен қоғамдық тәртіп пен қоғамды анық құрметтемей, азаматтарға күш қолдану арқылы аса қатігездікпен бұзып, адамдар тобы болып, қолындағы тергеумен анықталмаған пышақпен Жаныбековтың жамбас бөлігіне екі мәрте соққы жасаған.

Нәтижесінде, Ғалымбеков Жаныбековке сол жақ санына шаншып-кесілген жарақат келтіріп, денсаулығына жеңіл дәрежедегі зиян келтірген.

Рахметов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 293-бабы 3-бөлігі 2-тармағымен, 106-бабы 2-бөлігі 7-тармағымен көрсетілген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылған.

1. Рахметовтың іс әрекетінде қылмыстардың жиынтығы бар ма?
2. Нақты және идеалды жиынтықтың бір – бірінен айырмашылығы неде?

№ 41 есеп

2014 жылы шамамен мамыр айының бас кезінде, Сақыпбек пен Есбек бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыруға алдын-ала келісіп, осы ойларын жүзеге асыру үшін ОҚО, Ордабасы ауданы, Мерген ауылының батыс жақ беткейінде орналасқан жайылымға барып, азамат Бәкеннің жайылымда жайылып жүрген 1-бас қызыл- шұбар түсті 1,5 жасарлық базар нарқымен әр қайсысы 150 000 тенге тұратын жылқысын, 1-бас қара түсті, аяғында және мандайында ағы бар, 1,5 жасарлық базар құны 150 000 тенге тұратын еркек құнанын, 1-бас қоңыр түсті, 1,5 асар аяғында ағы бар құны 150 000 тенге тұратын еркек құнанын, 1-бас қара түсті, 1,5 жасар базар құнымен 150 000 тенге тұратын ұрғашы байталын, 1- бас қызыл-торы, 1,5 жасар базар құнымен 150 000 тенге ұрғашы байталын, 1- бас қоңыр түсті, 1,5 жасар базар құнымен 150 000 тенге ұрғашы байталын, 1-бас қоңыр түсті, аяғында ағы бар 1,5 жасар базар құнымен 150 000 тенге ұрғашы байталдарды алып кетіп, оқиға орнынан бой тасалаған.

Осыған дейін Сақыпбектің пәтер ұрлығын жасағаны белгілі болған.

Сақыпбектің іс әрекетінде қылмыстардың жиынтығы бар ма, егерде пәтер ұрлығын жасағаны үшін заңмен белгіленген негізде босатылған болса?

№ 42 есеп

2016 жылдың қазан айының 27 жұлдызы күні сағат 20:30 шамасында, сотталушылар Марал, Бижол және Нұрал, Шымкент қаласы, Б.Момышұлы көшесі бойында орналасқан «Орталық» саябағының ішінде жүрген кезінде, жаяу жүргінші жолымен Нантаев жалғыз өзі кетіп бара жатқанын көріп, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, оның жанына жақындап, Марал

одан темекі сұраған, алайда Нантаев темекі жоқ екенін айтып тұрған уақытта, оған болмашы сылтауымен дөрекі сөздермен сөйлеген Бижол мен Нұрал, жәбірленуші Нантаевтың денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен Марал оның сол жақ бет тұсына оң қолының жұдырығымен бір рет соққы беріп, оның қарсылығына қарамастан оның шалбарының оң қалтасында болған құны 20 000 теңге тұратын «Fly-2» маркалы ұялы телефонын ашық жымқырған.

Өз қылмыстық іс-әрекеттерімен шектелмей, 2016 жылдың қараша айының 01 жұлдызы күні сағат 20:10 шамасында, сотталушылар Марал, Бижол және Нұрал, Шымкент қаласы, Б.Момышұлы көшесі бойында орналасқан «Орталық» саябағының ішінде жүрген кезінде, жаяу жүргінші жолымен Мекебайдың жалғыз өзі кетіп бара жатқанын көріп, бірнеше рет, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, оның жанына жақындап барған, содан Мекебайдың алдынан қарама-қарсы өтіп барған Марал артына қайта бұрылып келіп, жәбірленуші Мекебайдың денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен оның сол жақ басының тұсына сол қолының жұдырығымен бір рет соққы беріп, оны жерге құлатқан, ал Бижол және Нұрал оның жерде жатқанын пайдаланып, Мекебайдың бет тұсына, іш тұсына қолдарымен екі-үш рет соққы беріп, соңғының қарсылығына қарамастан жәбірленушінің жерге түсіп қалған құны 35 000 теңге тұратын «Samsung Galaxy A3» маркалы ұялы телефонын ашық жымқырған.

2016 жылдың қараша айының 05 жұлдызы күні сотқа дейінгі тергеп-тексеру органымен сотталушы Маралдың жалға алған Шымкент қаласы, 1-орам, Дегтярев көшесі, No 2 үйіне қарау жүргізу барысында, ол 2016 жылдың жаз мезгілінде күндізгі уақытта Шымкент қаласы, Б.Момышұлы көшесі бойындағы «Орталық» саябағының ішіндегі жаяу жүргінші жолының шетінен жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар «STREAMER-1014» тапаншасын тауып алған, бірақ тауып алған атыс қаруын өз еркімен құзырлы органдарға тапсыруға немесе сол жерде айырылуға мүмкіндігі бола тұра, өзінің жалға алған үйінде осы күнге дейін заңсыз сақтап жүрген.

Марал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191-бабының 2-бөлігінің 1), 2), 3) тармақтарымен және 287-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылған.

Маралдың қылмыстық іс әрекеттері қылмыстардың қандай жиынтығына жатады: нақты немесе идеалды?

ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ, ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАУІПТІ ҚАЙТАЛАНУЫ

№ 43 есеп

Азамат Айбек 2020 жылғы 10 наурызда сағат 23.00-шамасында Омаровтың иелігіндегі маркасы Газель мемлекеттік белгісі 136HVA06 автокөлігін басқарып, Жылыой ауданы Теңіз поселкесіндегі Ескі Сарықамыс

елді мекенінің арғы жағындағы жерден, сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде анықталмаған «Камаз» автокөлігінің белгісіз жүргізушісінен барлығы 3,400 литр дизель жанар жағар майын сатып алып, өзінің басқаруындағы автокөліктің жүк салғышына салып алып келген 1 тонналық пластмасса ыдыстарының 3 данасына және 200 литрлік пластмасса ыдысының 2-данасына құйып алып, мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарының жоқ екендігін біле тұра дизель отынын заңсыз иемденіп, Теңіз поселкесіндегі «Оңтүстік Теңіз» қалашығының тұсындағы тас жол бойымен Құлсары қаласына қарай, дизель отынын заңсыз тасымалдып келе жатқан кезде, полиция қызметкерлерімен тоқтатылған.

Бұдан басқа, Айбек 2020 жылғы 11 сәуірде сағат 04.00- шамасында азамат Нұрланның иелігіндегі маркасы Газель мемлекеттік белгісі O213OY152RUS автокөлігін басқарып, Жылыой ауданы Теңіз поселкесіндегі Ескі Сарықамыс елді мекен тұсынан сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде анықталмаған «Камаз» автокөлігінің белгісіз жүргізушісінен барлығы 2900 литр дизель жанар жағар майын сатып алып, өзінің басқаруындағы автокөлігінің жүк салғышына салып алып келген 1 тонналық пластмасса ыдыстарының 3 данасына құйып алып, мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарының жоқ екендігін біле тұра, дизель отынын заңсыз иемденіп, Теңіз поселкесіндегі «Оңтүстік Теңіз» қалашығының тұсындағы тас жол бойымен Құлсары қаласына қарай, дизель отынын бірнеше рет заңсыз тасымалдып келе жатырған кезде, полиция қызметкерлерімен тоқтатылған.

Айбек Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 197-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, ол осы баппен 100(бір жүз) сағат қоғамдық жұмыстарға тартылған.

1. Айбектің іс әрекеттері қылмыстардың қайталануына жатады ма?
2. Қылмыстардың қайталануы дегеніміз нені білдіреді?

№ 44 есеп

2016 жылғы 7 қаңтарда Қубекұлы жалға алу келісім шартымен алған «Тойота Камри» мемлекеттік нөмір 111 ТНА02 автокөлігімен Қапшағай қаласында Индустриальная көшесінде орналасқан «Макао» ойынханасына келген.

Сол күні сағат 20:00-ге дейін Қубекұлы «Макао» ойынханасында бар ақшасын ұтылған. Ұтылған ақшасын қайта ұтып алу мақсатында Қубекұлында қылмыстық ой туады алдау арқылы бөтен мүлікті иелену. Қылмыстық ойын жүзеге асыру үшін Каримовпен Қапшағай қаласында кездесіп жалға алып Қапшағай қаласына мініп келген «Тойота Камри» автокөлікті өзінің автокөлігі деп алдап кепіл ретінде қалдырып, соңғыдан бір айға 860 00 теңге алады.

Қайта «Макао» ойынханасына барып ойнап Каримовтен алған 860 000 теңгені де ұтылады.

Қубекұлының алаяқтық әрекетінің нәтижесінде Каримовқа 860 000 теңге материалдық залал келтірген. Сөйтіп Қубекұлы алаяқтық – алдау жолымен бөтенің мүлкін иеленген яғни Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының бірінші бөлігімен көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасаған.

Жәбірленуші Каримов айғақтарында 2016 жылғы 7 қаңтарда сотталушы Қубекұлымен кездескенін. Сотталушы Қубекұлы бір айға 860 000 теңге сұрағанын, кепілге Тойота Камри» автокөлік өзінікі деп, бір ай ішінде қайтармаса көлікті беретінін айтқан. Кепілге көлік беріп тұрғаннан соң бұл сотталушы Қубекұлына 860 000 теңге бергенін. Алайда бүгінгі күнге дейін сотталушы Қубекұлы ақшасын қайтармағанын айтып көрсеткен.

Тергеу барысында Қубекұлының бұрын да алаяқтық жасағаны үшін 5 жыл бас бостандығынан айыру жазасына сотталып, жазасын өтеп шыққаны айқындалған.

Қубекұлының іс-әрекетінде қылмыстардың қайталануы бар ма?

№ 45 есеп

23.03.2016 жылы сағат 20:00 шамаларында Нанбай мен Бобаев Алматы қаласы, Алатау ауданы, Шаңырақ-2 ықшам ауданындағы компьютерлік клубта кездесіп, сол жерде отырып біраз компьютер ойынын ойнаған. Сөйтіп сағат 22:00 шамасында Нанбай Шаңырақ-1 ықшам ауданында тұратын досым Азаттың үйіне барып қайтайық деген. Сөйтіп Нанбай мен Бобаев компьютер ойын клубынан шығып, жолдың оң жақ бөлігінде орналасқан аты жоқ дүкеннің - алдына келген.

Екеуі сол жерде бір-бірімен өзара әңгімелесіп тұрған кезде, көше бойымен жәбірленуші Казимов өтіп бара жатқанын көріп ойларына, пайдакүнемдік ниетпен тонау, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы, бөтеннің мүлкін ашық жымқыру қылмыстық ойлары келген.

Олар рөлдерін өзара бөлісіп алып, адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру мақсатында, Казимовтың артынан жүріп отырған. Сөйтіп Казимов аты жоқ көше арқылы көтеріліп, оң бағытқа қарай Наурыз көшесіне түсіп келе жатқан кезде, Нанбай өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыру арқылы Казимовтың өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы артқы желке тұсынан оң қол жұдырығымен жұдырығымен бір рет соққы береді, сол кезде Казимов алға қарай ентелеп бара жатқан кезде, Бобаев алды жағына қарай шығып, Казимовтың өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы, сол қол жұдырығымен сол жақ көз тұсына бір рет қатты соққы беріп, сол жақ көзінің 1-дәрежедегі алмашығы зақымданып, бет тұсы қанталау арқылы алға қарай құлап түскен кезде, қолынан құны 5000 теңге ақша қаражаты тұратын «Нокиа Х-1» маркалы ұялы телефоны жерге құлап түседі, Нанбаев жерде

жатқан Казимовтың үстінен екінші жағына қарай аттап өтіп, құны 5000 теңге тұратын «Нокиа Х-1» маркалы ұялы телефонын жымқырып алып, сол жерде өздерінің қылмыстық ойларына ешкімнің келіп қалмауын қадағалап тұрған. Сол арада өздерінің алдын ала бөліскен рөлдері бойынша, Бобаев сол аяғымен жерде жатқан Казимовтың өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы басынан 2-3 рет теуіп жіберіп, Казимовқа миының шайқалуымен жабық бас сүйек жарақатын және бет тұсының жарақаттарын келтірген.

Сөйтіп бөліскен рөлдері бойынша өзінің қылмыстық ойын аяғына дейін жеткізу мақсатынды, Нанбай жерде жатқан Казимовтың сол жақ шалбарының қалтасынан құны 38.000 теңге ақша қаражатын ашық түрде жымқырып алған.

Осылай екеуі тонау, яғни бөтеннің мүлкін, адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы ашық жымқыру ойларының толық жүзеге асқандарына көздері жеткен соң, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Осы оқиға бойынша олардың қылмыстық іс-әрекеттерінің салдарынан жәбірленушіге 43.000 теңге материалдық шығын келтірген. Осылай екеуі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191 бабы 2 бөлігі «1,3» тармақтарында көрсетілген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, жаза тағайындалған.

1. Тергеу барысында Нанбай бұрын ауыр қылмыс жасап бас бостандығынан айыруға сотталып шыққаны айқындалған. Оның іс әрекетінде қылмыстардың қайталануы бар ма?

2. Қылмыстың жәй қайталануын қалай түсінесіз?

№ 46 есеп

2018 жылдың наурыз айының 28 күні 16 сағат 00 минут шамасында Қайқайов пен Ашкеев Ембі қаласы Елубаев көшесі 87 мекен-жайда орналасқан Тенкоға тиесілі үйге келіп, үйдін ауласындағы жаз үйдің есігі құлыппен жабулы тұрғанын көріп, бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау мақсатында, адамдар тобының алдын-ала сөз байласуымен, айналада ешкімнің жоғына көз жеткізіп, Қайқайов айналаны біреулер келіп қалмасын деп бақылап, ал Ашкеев есікте тұрған құлыпты қолымен күштеп тартып бұзып, екеуі тұрғын үй-жайға заңсыз кіріп, Ашкеев жаз үйдің ортаңғы бөлмеде тұрған банкілер арасында құны 1 200 теңге тұратын сыймдылығы 800 грамм болатын 1 банкідегі тұздалған салаттын ауызын ашып алып, сол жерде Қайқайов екеуі отырып өздерімен бірге алып келген бір шыны арақ ішімдігін ішкен.

Арақ ішкен мас күйіндегі Ашкеев пен Қайқайов адамдар тобы болып, пайдакүнемдік ниетте, бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыру мақсатында, осы жаз үй ішіндегі ортаңғы бөлмеде үстел астында сөмке ішіне салынып тұрған әр қайсының құны 1 200 теңге тұратын жалпы 9 600 теңге болатын 8 дана банкіге салынған сыйымдылығы 800 грамм болатын тұздалған салаттарды,

әр қайсысы 1050 теңге тұратын, жалпы құны 4 200 теңге болатын сыйымдылығы 500 грамдық 5 дана банкіге тұздалған салаттарды екеулеп көтеріп, оқиға орнынан бой тасалып кетеді.

Сөйтіп, Қайқайов мен Ашкеевтың қылмыстық құқық бұзушылық іс әрекеттерінің (ҚР ҚК-нің 188 бабының 2 бөлігінің 1, 3 тармақтарымен кінәлі деп танылған) нәтижесінде Тенкоға жалпы 15 000(он бес мың) теңгеге залал келген.

1. Қайқайов бұрын аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп шыққан. Оның әрекетінде қылмыстардың қайталануы бар ма?

2. Ашкеев бұрын ұрлық жасағаны үшін 3 жылға бас бостандығынан айырылуға сотталып ол да жазасын өтеп шыққан. Оның іс әрекетінде қылмыстардың қайталануы бар ма?

№ 47 есеп

Таңат 06 шілде 2019 жылы 02:00 сағат шамасында Қызылжар қаласындағы Ш.Уалиханов көшесінде орналасқан No52 үйдің ауласында жәбірленуші Думанға жеке бас араздығының салдарынан соңғының денсаулығына пышақпен қасақана оң мықым аймағының кесіліп-тесілген ішке енетін түрдегі ауыр дәрежедегі дене жарақатын салып, соңғыға моральдық зиян және физикалық жан азабын келтірген.

ҚР ҚК-нің 106 бабы 1 бөлігінде көзделген қылмыс ҚР ҚК-нің 11 бабының 4 бөлігіне сай, ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар санатына жатады.

1. Егер Таңат бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса, бұл қандай қайталану болады?

2. Егер ол бұрын аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, онда қандай қайталану болады?

№ 48 есеп

Сотталушылар Сысоев пен Аңбай өз әрекеттерінің қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптарының болуының мүмкін екенін алдын ала біліп, осы зардаптардың болуын қасақана тілеп, ауыр санаттағы қылмыс жасаған.

2015 жылы шамамен сағат 23.30-да Сысоев пен Аңбай бірге адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кіру арқылы бөтеннің мүлкін ашық жымқыру мақсатында, Төретам кенті Мұратбаев көшесі No89 үйдің алдынан Байқоңыр ғарыш айлағының No11 алаңшасында орналасқан МТУ «Альтаир» ААҚ-ның күзетілетін базасына

мемлекеттік белгісі 333 ZEA 11 «УАЗ» маркалы автокөлігімен бет алып, 19.07.2015 жылы шамамен сағат 01.45-те оқиға орнына келіп, өздерінің қылмыстық құқық бұзушылық ойларын жүзеге асыра отырып, алдын ала жоспар бойынша таңның атқанын күтіп, осы күні, яғни 19.07.2015 жылы шамамен сағат 09.00-де Сысоев пен Аңбай өздерінің қылмыстық әрекеттерін ақырына дейін жеткізу мақсатында МТУ «Альтаир» ААҚ-ның күзетілетін базасын қоршап тұрған бетон шарбақтың астыңғы бөлігіндегі ашық тұрған жері арқылы, ауласына заңсыз кіріп, Сысоев пен Аңбай өздерінің үстеріндегі майкаларын бетперде есебінде беттеріне жауып алып, базадағы күзетші отыратын бөлмеге қарай беттеген.

Содан соң, Сысоев пен Аңбай күзетші отыратын бөлменің жанында орындық үстінде отырған күзетші Жмурчинге барып, оған екі-үш соққы беріп, қол-аяғын белбеумен және тоқ шәйнек шнурымен байлап тастап, оны күзетші бөлмесіне кіргізіп, сыртынан есікті жауып қойғаннан кейін, Сысоев пен Аңбай МТУ «Альтаир» ААҚ-ның базасының қоймасына қарай беттеген.

Осы жерде Сысоев мыс кабельдері тұрған қойма ауызындағы ілмелі құлыптарын бір темір тауып алып бұзып, олар қойма ішіне кірген.

Қойма ішінде өте көп көлемде мыс кабельдері болғандықтан, Аңбай екінші қойма ішінде МТУ «Альтаир» ААҚ-на тиесілі өзінің басқарып жүрген мемлекеттік белгісі X111 XX 94 RUS «КАМАЗ 5511» маркалы автокөлігі бар екендігін және соған тиіп алып кету туралы ұсыныс айтып, өзі екінші қоймада тұрған «КАМАЗ 5511» маркалы автокөлігін оталдырып, қоймадағы құны 16335 теңге тұратын ұзындығы 50 метр ВБШв 3*6 маркалы мыстан жасалған кабелін; құны 644 336,55 теңге тұратын ұзындығы 150 метр болатын ВВГнг LS 5*95 маркалы мыстан жасалған кабелін; құны 149 485 теңге тұратын ұзындығы 46 метр болатын ВВГнг LS 5*70 маркалы мыстан жасалған кабелін және тағыда басқа маркалы мыс кабельдерін «КАМАЗ 5511» маркалы автокөлігінің жүк салғышына тиіп жымқырып алып, оқиға болған жерден бой тасалаған.

Соңғылардың қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерінен жәбірленуші Жмурчинге, 11.11.2015 жылы берілген No13 сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес «жеңіл» дәрежелі дене жарақаттары келтірілген.

Ал, МТУ «Альтаир» ААҚ-на жалпы құны 919 254 теңгеге мүліктік залал келтірген.

Сотталушылардың жасаған қылмыстары үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191-бабының 2-бөлігінің 1,3,4-тармақтарымен кінәлі деп танылған.

Сотталушы Сысоев бұрын адам өлтіргені үшін Қазалы аудандық сотының 15.10.2002 жылғы үкімімен ҚР ҚК-нің 96-бабының 1-бөлігімен 10 жылға бас бостандығынан айырылып, жазасын толығымен өтеп шыққандығына байланысты оның қылмыстық іс әрекетінде қылмыстардың қандай қайталануы бар?

ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАРАЙ БӨЛІНУІ

№ 49 есеп

Мұратов және Еримов 29108 әскери бөлімінде қатардағы жауынгерлер әскери шенінде өткеріп жүріп, төмендегідей жағдайда қасақана ауыр санатты әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған:

7 шілде 2016 жылы 16 сағат 00 минут шамасында Мұратов, қойма аймағында патруль нарядын мерзімді әскери қызметші қатардағы Алтаевпен бірге атқарып жүрген. Сол уақытта 29108 әскери бөлімі No1 паркі аймағы жанынан мерзімді әскер қатарына 2016 жылдың мамыр айында шақырылған қатардағы Атығай және қатардағы Әуез су алуға қойма аймағына келген.

Оларды көрген Мұратов пен Алтаев олардың қастарына барып олармен амандасып әңгімелесіп тұрған. 16 сағат 30 минут шамасында олардың қастарына мерзімді әскер қатарына 2016 жылдың мамыр айында шақырылған қатардағы Дамир келіп Алтайды және Әуезді жауапты шақырып жатыр деп айтып, қайтадан кетпекші болған кезде Мұратов оның бұл қылығына наразылық білдіріп, өзінің мерзімді әскер қатарына алты ай бұрын шақырылғанын пайдалана отырып, Дамирді өзіне қарай шақырып, оны шетке ертіп барып, өзінің сол қолын оның желке тұсына қойып өзара ерегесіп тұрған.

Осы сәтте олардың қастарынан мерзімді әскери қызметші қатардағы Еримов, Дамирдің іс-әрекеттеріне, яғни жас сарбаз бола тұра өзінен алты ай бұрын мерзімді әскер қатарына шақырылған Мұратовпен ерегесіп тұрғанына өз наразылығын білдіріп, сол қолының жұдырығымен Дамирдің іш тұсынан бір рет және оң қолының жұдырығының іш жағымен сол жақ бет тұсынан бір рет соққы берген.

Сол кезде Мұратов Дамирдің сол жақ құлағының асты тұсынан оң қолының жұдырығымен бір рет соққы берген. Ол соққылардан кейін қатардағы Дамир жерге құлап, есінен айрылып қалған. Көрсетілген медициналық көмектер оң нәтиже бермей Дамир есін жинамай өліп кеткен.

8 шілде 2016 жылғы No363/324 сот медициналық сараптама қорытындысына сай, Дамирдың өлімі «Зақымдалған торлы қабақ астына қан құйылу, бас сүйегінің зақымдалуынан» болған.

Сонымен, Мұратов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 440 бабының 4 бөлігімен және 447 бабының 2 бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оны:

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 440 бабының 4 бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін - 10 (он) жылға бас бостандығынан айырған;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 447 бабының 2 бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін 3 (үш) жылға бас бостандығынан айыруды;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 58 бабының 3 бөлігіне сәйкес түпкілікті онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға

сіңіру арқылы 10 (он) жылға бас бостандығынан айырып жалпы режимдегі түзеу колониясында өтеуді белгілеген.

Еримов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 440 бабының 4 бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оны 8 (сегіз) жылға бас бостандығынан айырып жалпы режимдегі түзеу колониясында өтеуді белгілеген.

1. Жасалған қылмыстар, қылмыс құрамының құрылысына қарай, қандай құрамға жатады?

2. Қылмыс құрамының қандай түрлерін білесіз?

№ 50 есеп

Тайыров, 11.01.2016 жылы сағат 20-30 шамасында Шымкент қаласы, Жібек Жолы көшесінде орналасқан №32 үйдің алдында жерден ақ түсті қағазға оралған бір зат тауып алып, заңсыз иемденген.

Оны ашып ішіндегі спецификалық иісі бар, құрғақ өсімдік, яғни оның марихуана екенін біліп, сату мақсатынсыз жеке өзінің пайдалануы үшін заңсыз қалтасына салып сақтап қойған.

11.01.2016 жылы сағат 21-20 шамасында Шымкент қаласы, Жібек Жолы көшесінде орналасқан №32 үйдің алдында Шымкент қаласы, Еңбекші полиция бөлімінің қызметкерлерімен күдік туылып қалыстардың қатысуымен тексеру барысында сотталушы Тайыровтың ашық қоңыр түсті курткасының оң жақ қалтасынан ақ түсті қағаз орамасында болған 0,72 гр. есірткі заты - марихуана тәркіленіп алынған. Сонымен, Тайыров есірткі затын өткізу мақсатынсыз заңсыз иемденген, сақтаған, тасымалдаған.

Тайыров, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 296 бабы 2 бөлігінде көрсетілген қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша 80 /сексен/ сағатқа қоғамдық жұмысқа тарту жазасы тағайындалған.

1. Қылмыс құрамының құрылысы бойынша Тайыровтың іс әрекеті қандай құрамға жатады?

2. Формальды, материалды, келте (қиылған) қылмыстардың бір-бірлерінен айырмашылығы неде?

№ 51 есеп

Малиев 24.10.2015 жылы сағат 13.00 шамасында, Талдықорған қаласының «Агротехникалық» колледжінің жанында, сотталған адам бола тұра, қылмыс әрекетін қайта жалғастырып, өзіне бұрын таныс емес кәмелеттік жасқа толмаған Дулатты кездестіріп, оның қолында болған «Самсунг» маркалы ұялы

телефонын көрген, сол кезде тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыру қылмыстық ойы пайда болған.

Өзінің ойын жүзеге асыру мақсатында, кәмелеттік жасқа толмаған Дулаттың өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану қатерін төндіріп, оның құны 18 000 теңге тұратын ұялы телефонын ашық түрде жымқырып, оқиға болған жерден бой тасалап қашып кеткен.

Осы қылмыстық іс-әрекеттерінен кәмелеттік жасқа толмаған жәбірленуші Дулатқа жалпы 18 000 теңгеге мүліктік залал келтірген.

1. Қылмыс құрамының құрылысы бойынша Малиевтың іс әрекеті қандай құрамға жатады?

2. Материалдық қылмыстарда іс әрекет пен зардаптың арасындағы себепті байланыс нені білдіреді?

№ 52 есеп

15.04.2016 жылы сағат 02:00 шамасында, Қабаев және Муратов Алматы қаласы, Шаңырақ-2 ықшам ауданы, Жанқожа батыр көшесі бойында орналасқан «Бақытжан» кафесінен мас күйлерінде шығып, Алғабас ы/а, Орталық көшесі бойында орналасқан үйде қалдырып кеткен бетон араластырғышты қазіргі тұрып жатқан үйлеріне алып келейін деп шешкен.

Муратов және Қабаев, Алатау акиматы алдындағы аялдамада тұрып, Жанқожа батыр көшесінен такси тоқтатып тұрған. Сөйтіп тұрғанда, олардың қасына Әлтай, өзінің «мазда 626» маркалы қара түсті автомобильмен келіп тоқтаған. Қабаев пен Муратов Алғабас ы/а барып, үйден бір затты алып, қайта келу үшін 2000 теңгеге Әлтаймен келіскен, және Муратовты автомобильінің алдыңғы жолаушы орындығына, ал Қабаевты автомобильінің артқы жолаушы орындығына отырғызып, жолға шыққан. Әлтай, Муратовтың айтуы бойынша Алматы қаласы, Алғабас ы/а, Орталық көшесі бойында орналасқан Муратовтың бұрындары пәтер жалдап тұрып кеткен номерсіз үйінің қасына келіп тоқтаған. Муратов және Қабаев, «Мазда-626» маркалы автомобильінен шығып, жоғарыда аталған номерсіз үйдің ауласына кіріп, бетон араластырғышты алып шығып, «Мазда 626» маркалы автомобильдің артқы багажнигіне тиіп салған.

Сөйтіп, Муратов және Қабаев, «Мазда-626» маркалы автомобильге қайта отырып, Шаңырақ-2 ы/а, Түркістан көшесі No 63 мекен-жайда тұратын Қабаевтың үйіне келіп, автомобильдің багажнигінен бетон араластырғышты түсірген. Содан Муратов және Қабаев «мазда- 626» маркалы автомобильдің алдыңғы жолаушы орындығына отырып, автомобиль жүргізушісі Әлтайға келіскен 2 000 теңгеге бензин құйып береміз деп, Әлтайға «бізді кинотеатр Экран жақа жеткізіп тасташы»-дегенінде, Әлтай, оларға «жоқ, бармаймын, автомобильде бензин аз»- деген.

Сол кезде Муратовтың және Қабаевтың ойларына алдын ала сөз байласып өзінше билік етіп, кинотеатр Экранға жетіп қалуға қылмыстық ойлары туындаған. Олар өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру

мақсатында, Өлтайға «Экранға апарасын»-деп тиісіп, Қабает, үйінің ауласында орналасқан қорадан сабы сынық тұрмыстық-шаруашылық мақсатқа арналған пышақты алып келіп, автомобильдің артқы жолаушы орындығына отырып, сол қолымен алдыңғы жүргізуші орындықта отырған Өлтайдың басының төбе шашынан бассалып, оң қолындағы пышақтың жүзін Өлтайдың мойнының тұсына тақап «айда көлікті, Экранға апарасын»-деп, өздерінше билік еткен.

Өлтай «мазда- 626» маркалы автомобильмен кинотеатр Экранға қарай бара жатып Қабаетпен Муратовтың берген 2000 тенге ақшаға көлігіне жанармай құйып алған Өлтай жол бойы әдилеп жол ережесін бұзып, жол патрульдік инспекторларымен тоқтатылған.

Сонымен, Қабает және Муратов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 389 бабының 3 бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған.

1. Қабает пен Муратовтың іс әрекеттері аяқталған қылмыстық құқық бұзушылыққа жата ма?

2. Қылмыс құрамының құрылысы бойынша олардың іс әрекеті қандай құрамға жатады?

№ 53 есеп

14 мамыр 2016 жылы түнгі сағат 02:20 шамасында ОҚО ІД ҰҚҚБ-ның қызметкерлерімен шұғыл іс-шаралар жүргізу барысында Шымкент қаласы, Жайлау ы/а, Есіркеп батыр көшесі бойында орналасқан «Нұрсұлтан-Баша» кафесінің алдында азамат Нировтың басқаруында қара түсті «Namer» маркалы автокөлігі тоқтатылып, оның ішінде отырған Ахметовтің мойында асылып тұрған қара түсті сөмкесінің ішін қарау барысында заңсыз сақтап, тасымалдап және өзімен бірге алып жүрген «ЖД-27.86.1945» санды травматикалық қаруы және оқ жатарында оқталу күйінде тұрған 7 (жеті) дана оқтары тәркілеп алынған, ал Ивлеван заңсыз сақтап, тасымалдап және өзімен бірге алып жүрген «Лидер» маркалы, калибрі 10x32, 1945 жылы шығарылған «ИК2208» санды травматикалық қаруы және патрон орналастыратын ұяшықта тұрған 7 (жеті) дана оқтары тәркілеп алынған.

Ахметовтен тәркіленіп алынған қару бойынша сұрау жұмыстарын жүргізу барысында Шымкент қаласы, Тельман бөлімшесі, Молдабаев көшесі, No20 жер учаскесінде сырты қоршалған құрылысы бітпеген бетондардың арасында сұр түсті спорттық сөмкесінің ішінде 11 (он бір) дана калибрі 10x32 жаракат салатын оқ-дәрі, 20 (жиырма) дана калибрі 7,62 мм ойық ұңғылы тапаншаға арналған оқ-дәрі, 37 (отыз жеті) дана калибрі 9 мм ойық ұңғылы тапаншаға арналған оқ-дәрі, 11 (он бір) дана 5,45 мм ойық ұңғылы қаруға арналған оқ-дәрілер айқасты заттар ретінде тәркіленіп алынған.

Осыған байланысты ұсталғандарға қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287- бабының 2 және 3 бөліктері бойынша қылмыстық іс қозғалып жауапқа тартылған.

1. Қылмыс құрамының құрылысы бойынша олардың іс әрекеттері қандай құрамға жатады?

2. Формальдық қылмыстар зардаптардың туындауын қажет ете ме, қылмыс аяқталған болу үшін?

ҚЫЛМЫС ОБЪЕКТІСІ

№ 54 есеп

2018 жылғы 11 тамызда сағат 03.30 шамасында Асқаров Ақтөбе қаласы, Краснощеков көшесі, №65 мекен жайда орналасқан «Самовар» кафесінің ішіне қыдырып жүріп, Есовты кездестіріп оның бейтаныс қызбен билеп тұрғанын көріп, ол қызбен өзі билеу үшін соңғыны итеріп жіберген, өзі тергеп-тексерумен анықталмаған қыздың қасына барып билеген.

Сол кезде Есовпен сөзге келіп, қоғамды анық құрметтемеуін білдіріп, бұзақылық ниетпен, қасақана бұзақылық, яғни қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, пышақты қолдануға тырысып, оған қарай қасақана сермеп, нәтижесінде пышақтың жүзі соңғының сол жақ жамбас және сан аймақтарын кесіп-тіліп, жеңіл дәрежелі дене жарақатын салып, қоғамдық тәртіпті аса қатыгездікпен бұзған.

Асқаров ҚР ҚК-нің 293-бабының 3-бөлігінің 2)-тармақтарында көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған 3 (үш) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

ҚР ҚК-нің 44-бабына сәйкес, Асқаровқа жаза өтеудің барлық мерзіміне пробациялық бақылау белгіленіп, оған мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау, ішімдік ішетін ойын-сауық құратын жерлерге (мейрамхана, дәмхана, клуб т.с.с.) бармау жүктелген.

ҚР ҚК-нің 44-бабының 1-бөлігі негізінде, Асқаров жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда жылсайын 100 (жүз) сағатқа, мәжбүрлі еңбекке тартылған.

1. Асқаровтың жасаған қылмысының объектісі қандай?

2. Қылмыс объектісі нені білдіреді?

3. Объектінің түрлерін атаңыз, олардың бір-бірінен айырмашылығы неде?

№ 55 есеп

Аймұратов 27.08.2019 жылы сағат 10:00 шамасында, Қызылорда қаласы, Ақмешіт ауданында орналасқан көп қабатты тұрғын үйлердің ауласында келе жатып газет қиындысына оралған, салмағы 1,64 грамм болатын кептірілген

марихуана есірткі затын тауып алып, үстіне киген киімінің қалтасына салып, есірткі заттарды өткізу мақсатынсыз заңсыз иемденген, сақтаған.

Сотталушы Аймұратов сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде кінәсін толық мойындап, 27.08.2019 жылы сағат 10:00 шамасында, Қызылорда қаласы, Ақмешіт ауданында орналасқан көп қабатты тұрғын үйлердің ауласында келе жатып газет қиындысына оралған есірткі затын тауып алғанын, есірткі затын киімінің қалтасына салып алғанын, есірткі затты өткізу мақсаты болмағанын, өзі есірткі затын 17 жасынан тұтынып келетінін, сол күні полиция қызметкерлері тоқтатып есірткі затын алғанын көрсетіп жауабын берген.

Сотталушы Аймұратов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 296-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, 80 (сексен) сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланған. Сотталғанға пробациялық бақылауды және мінез-құлқын қадағалауды жүргізу Қызылорда қалалық пробация қызметіне жүктелген.

1. Аймұратовтың жасаған қылмысының объектісі қандай?
2. Мұндағы қылмыстың затына не жатады?

№ 56 есеп

2016 жылы 3 қаңтарда, сағат 19.20 кезінде Қайрат Семей қаласында орналасқан «Айман» дүкеніне барып, ашық түрде тонау мақсатында, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, дүкен кассасынан 30 000 теңге ақша алып, Сапановаға материалдық шығын келтірген.

2016 жылы 13 қаңтарда шамамен 19.30 сағатта Қайрат Семей қаласында орналасқан «Дария» дүкеніне барып, бірнеше рет, ашық түрде тонау мақсатында, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданамын деп қорқытып, дүкен кассасынан 20 000 теңге ақша алып, Нархановқа материалдық шығын келтірген.

1. Қайраттың жасаған қылмыстарының объектісі қандай?
2. Тікелей объект дегеніміз не?

№ 57 есеп

2016-жылдың 21-сәуірінде сағат 13.45 шамасында бұрын Шиелі аудандық сотының 2015-жылдың 20-шілдесіндегі қаулысымен Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жазаға тартылып, 2018-жылдың 20-шілдесіне дейін, яғни үш жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылған сотталушы Қатанов алкогольден орташа дәрежелі масаң күйінде өзінің басқаруындағы «Газ 31029» үлгісіндегі мемлекеттік тіркеу белгісі 111 ИВА 11 автокөлігін Шиелі кенті Мұратов көшесінің бойымен басқарып, жүргізген.

Сөйтіп сотталушы Қатанов көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам бола тұрып, алкогольдік масаң күйінде көлік құралын басқарған.

Сотталушы Қатанов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 346-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 3 /үш/ жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыра отырып, ол 100 /жүз/ сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылған.

1. Қатановтың жасаған қылмыстық құқық бұзушылығының объектісі қандай?

2. Текті объект дегеніміз не?

№ 58 есеп

Сотталушы Қасенов 2016 жылдың көктемінде, Мамлют ауданы Саға селосынан шамамен 10 шақырым далалық жерде жалғыз өзі мал бағып жүріп бір дана 16 мм. калибрлі дара ауызды тегіс ұңғылы No C 15658 санды шолақ мылтықты 1 дана оғымен оқтаулы күйінде жатқан жерінен тауып алып, өз қажеттілігіне пайдалануды ойластырып, заңсыз иемденіп, үйінің гаражына апарып тығып қойып, осы уақытқа дейін құқық қорғау орнына тапсырмай заңсыз сақтаған.

07 тамыз 2016 жылы сағат 16.30 шамасында, Майбалық селосында орналасқан «Айнұр» тойханасында тойда жүрген Бажанов арақ ішкен мас күйінде, өзіне бұрын таныс емес сотталушы Қасеновтың төсінен бір ұрып жерге құлатып күш қолданған. Осы кезде ашуға берілген Қасенов қасақана, бөтен адамға ауыр дене жарақатын салу мақсатында, тойда жүрген ауылдасы Ербаевқа Саға селосына автокөлігімен барып келуді сұрайды. Ербаев келіскесін оның «Ауди» маркалы автокөлігімен екеуі Саға селосына барып, Қасенов үйінің гаражында заңсыз сақтап жүрген оқтаулы тұрған шолақ мылтықты алып шығады. Сосын екеуі қайта Майбалық селосына келіп, сағат 17.30 шамасында «Айнұр» тойханасының жанына тоқтаған.

Қасенов көшеде жүрген Бажановты көріп, өзінің алдын-ала ойластырған қылмыстық іс-әрекетінің заңға қайшы екендігін біле тұра, автокөліктің сол жақ артқы есігінен сыртқа шығып, шолақ мылтықты соларға қаратып, өзге адамның денсаулығына қасақана ауыр дәрежедегі зиян келтіру мақсатында бір рет атқан. Атылған оқтың бытыралары жәбірленуші Бажановқа тиіп, оған ауыр дәрежедегі дене жарақаттары келтірілген. Одан кейін Қасенов қылмыс жасаған жерінен бой тасалап кетіп, қылмыс қаруын жасырып қойған.

Қасенов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 106 бабының 1 бөлімімен, 287 бабының 2 бөлімімен кінәлі деп танылып, оған жаза ретінде ҚР ҚК-нің 106 бабының 1 бөлімімен 3 /үш/ жыл 6 /алты/ айға бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған, ҚР ҚК-нің 287 бабының 2 бөлімімен 1 /бір/ жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

ҚР ҚК-нің 58 бабының 1,3 бөлімдеріне сай, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы, түпкілікті 3 /үш/ жыл 6 /алты/ айға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

Қасенов өзінің қылмыстық іс әрекеттерімен қандай объектілерге қол сұқты?

№ 59 есеп

2018 жылдың сәуір айында Берік бөтеннің мүлкін ірі мөлшерде ашық жымқыру мақсатында алдын ала тергеп-тексеру орындарымен анықталмаған, оған қарсы іс жеке өндіріске бөлінген, «Батырбекпен» алдын ала сөз байласып, адамдар тобын құрып, қаражаттары бар адамдарды табу үшін соңғының ұсынысы бойынша ол жылжымайтын мүлік сататын агенттікке риелтор болып жұмысқа тұрып, жұмыс барысында 2018-жылдың мамыр айында Аетованың Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Аксай-1 ықшам ауданы, No 2-үйде орналасқан No 1-пәтерге өзімен бірге анықталмаған сатып алушы екі азаматты алып келіп, Аетоваға өзін риелтор ретінде таныстырып, келген азаматтарға пәтерді көрсеткен.

Сол кезде ол Аетовадан 7 000 000 теңге ақшасы бар екенін және ол Орбита ықшам ауданында орналасқан 1-бөлмелі пәтерін 10 000 000 теңгеге сатып, басқа пәтер сатып алғысы келетінін естіген. Өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында ол 2018 жылдың 16-мамырында Аетоваға қоңырау шалғанда, соңғыдан Орбита ықшам ауданында орналасқан 1-бөлмелі пәтерін сатқандығын біліп, «Батырбекке» Аетовада қомақты ақша бар екенін хабарлағанын және соңғының ұсынысы бойынша медициналық бетперде мен ұялы телефонына қолданылмаған абоненттік нөмір сатып алып, 2018-жылдың 17-мамырында Аетоваға қоңырау соғып, өзін сатып алушы ретінде таныстырып, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Аксай-1 ықшам ауданы, No 2 үйде орналасқан No 1 пәтерді көргісі келетінін айтып, келісіп, аталған пәтерге жәбірленуші танып қоймасын деп бетіне медициналық бетперде киіп алған.

Пәтерге келген соң, пәтерді көру сылтауымен Аетованың ас үй бөлмесінде шай дайындауға кіргенін пайдаланып, оның артынан келіп мойнынан қолымен қылқындырып, өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, жеңіл дәрежеде дене жарақатын келітіріп, алып келген жіппен соңғының қол-аяғын байлап, ақшалай қаражат талап етіп, тыныш отыруын өтініп, пәтердің ішін ақтару барысында Аетованың құны 250 000 теңге «Асус» маркалы ноутбугын, жалпы бағасы 300 000 теңге алтын мойыншағын, алтын сырғаларын және алтын жүзігін, әмиянын ішіндегі 15 000 теңгесімен және дәліз бөлмедегі әмиянның ішінде болған 2735 АҚШ долларын, барлығы 1 515 252,6 теңгеге мүлкін ірі мөлшерде ашық түрде жымқырып, жәбірленушінің жіптен босанып шығып, пәтерден қашып шыққанын байқап, оқиға болған жерден бой тасалаған.

Берік Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 191-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, ол осы баппен ҚР ҚК-тің 55-бабының 4-бөлігін қолдану арқылы, мүлкін тәркілеусіз 3 (үш) жыл бас бостандығынан айырылған.

1. Беріктің жасаған қылмысының объектісі қандай?
2. Қылмыс объектісінің мәні неде?

ҚЫЛМЫСТЫҢ ОБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ

№ 60 есеп

Қайса мен Омар 2018 жылдың 5 маусымы күні түнгі 02.00 шамасында Шымкент қаласында ұрлық, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен бөтеннің мүлкін көлік құралына заңсыз кіру арқылы жасырын жымқыру мақсатында, Ш.Қалдаяқов көшесі бойындағы No 18 тұрғын үйге қарама-қарсы орналасқан ғимараттың алдында тұрған Рабатқа тиесілі «ВАЗ 21014» маркалы мемлекеттік белгісі 199 LLB 13 автокөлігінің есігін терезесі арқылы ашып, ішіне заңсыз кіріп, құны 15000 теңгелік «Сони» автомагнитоласын, 15000 теңгелік аккумуляторын, 30000 теңгелік борткомпьютерін ұрлап алып, Түркістан қаласына апарып сатып, ақшасын өздерінің қажеттілігіне жаратқан.

Осыдан соң екеуі 2018 жылдың 7 маусымы күні сағат 03.00 шамасында Шымкент қаласында тонау, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып бөтеннің мүлкін ашық жымқыру мақсатында, Республика даңғылы бойындағы көп қабатты үйлердің арасымен кетіп бара жатқан Сәкеннің мас халде екенін байқап, сотталушы Қайса оның артынан барып қылқындырып жерге құлатып, ал сотталушы Омар жәбірленуші Сәкеннің басына және денесіне бірнеше рет соққылар беріп, иығында асулы тұрған ішінде құжаттары, 74000 теңге ақшасы мен құны 5000 теңгелік «Вертекс» маркалы ұялы телефоны бар қол сумкасын ашық түрде тартып алып, оқиға болған жерден бой тасалап кетіп қалған.

Соңында екеуі 2018 жылдың 10 маусымы күні сағат 01.30 шамасында Шымкент қаласында тонау, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен бірнеше рет жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып бөтеннің мүлкін ашық жымқыру мақсатында, Республика даңғылын кесіп өтіп Қошқар ата өзені бойымен кетіп бара жатқан Ерболдың артынан келіп, сотталушы Қайса кеудесінен ұрып жерге құлатып, ал сотталушы Омар жәбірленуші Ерболды ұрып-соғып, соңғының құны 60000 теңге тұратын «Самсунг Галакси А3» маркалы ұялы телефоны мен 30000 теңге ақшасын ашық түрде тартып алып, оқиға болған жерден бой тасалап кетіп қалған.

1. Қылмыс құрамының объективтік жағы дегеніміз не, Қайса мен Омардың жасаған қылмыстарының объективтік жағын не құрайды?
2. Қоғамға қауіпті әрекеттің нысандары қандай?

№ 61 есеп

2017-жылғы 15-наурыз күні сағат 04:00 шамасында сотталушы Жәлел алкогольді ішімдік ішкен күйде, Атырау қаласы Әуезов көшесінде орналасқан «Достар» кафесіне көңіл көтеру үшін жалғыз барған.

Сотталушы кафе ішіндегі спирттік ішімдік құю столына барып тұрған кезде, сол жерге оған бейтаныс Алтаев жақындап, өзінің тапсырыс берген тағамдарының ақысын төлеу үшін, шалбарының қалтасында болған 55 000 теңге ақшасын шығарып, сол ақшалардың ішінен 5 000 теңгені кафе қызметкері Громоваға төлеген.

Сол кезде Алтаевтың кафеге төлеген ақшасынан бөлек қалған 50 000 теңге ақшаны көрген сотталушы Жәлел, жәбірленуші Алтаевтың аталған ақшасын ашық жымқыру арқылы оңай ақша табу қылмыстық құқық бұзушылық пиғылы пайда болған.

Осы кезден бастап сотталушы Жәлел, жәбірленуші Алтаевтың ақшасын ашық жымқыруға бекініп, оны бақылап, өзінің көздеген қылмыстық ниетін жүзеге асыруға ыңғайлы сәтті күткен. Содан, алған тағамдарының ақысын төлеп болған жәбірленуші Алтаевтың кафеден шыққанын көрген сотталушы Жәлел, оның артынан еріп, кафеден далаға шыққан.

Жәбірленуші Алтаевтың кафе алдындағы алаңда тұрып, қалтасындағы ақшасын қолына алып, санап, түгелдеп тұрған қолынан жұлып алып қашып кеткен.

Сотталушы Жәлел ҚР ҚК-нің 191-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылған.

Сотталған Жәлелге ҚР ҚК-нің 191-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен ҚР ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігін қолданып, 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

Сотталған Жәлелге 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзімге пробациялық бақылау белгіленіп, жаза өтеу барысында тұрақты жұмыс орны, оқуда жоқ болған жағдайда жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда, бірақ жылына екі жүз қырық сағаттан аспайтын мәжбүрлі еңбекке тартылған.

1. Жәлелдің жасаған қылмысының объективтік жағын не құрайды?
2. Қоғамдық қауіпті зардап дегеніміз не, бұл қылмыста оған не жатады?

№ 62 есеп

Сотталушы Қоразов 2019 жылдың 20 қазанында 23:30 сағаттар шамасында Қызылорда қаласы, «Сабалақ» саяжайында орналасқан жәбірленуші Самитовтың үйінде бір шөлмек «Парламент» арағын ішіп отырғанында «Айжан» есімді танысы ұялы телефонына қоңырау шалған. Сотталушы Қоразов танысы «Айжанмен» сөйлесіп жатқанында ұялы телефоны тоқтап байланыс үзіле бергесін ашуланып телефонын сындырып тастаған.

Осы жағдайды көрген жәбірленуші Самитов көршісі «Бахтиярдың үй жағына барып қайтамын» деп үйден аулаға шыққанда, сотталушы Қоразов артынан шығып сол жерден алған қатты затпен жәбірленуші Самитовтың өмірлік маңызды ағзасы басынан ұрып оның денсаулығына қасақана ауыр зиян келтірген.

Сотталушы Қоразов басты сот талқылауындағы жауабында, кінәсін толық мойындап, 2019 жылдың 20 қазанында 23:00 сағаттар шамасында Қызылорда қаласы, «Сабалақ» саяжайындағы жәбірленуші Самитовтың үйінде арақ ішіп отырғандарында ұялы телефонына «Айжан» есімді танысы қоңырау шалғанын. Телефонмен сөйлесу барысында байланыс үзіле бергесін ашуланып ұялы телефонын сындырып тастағанын. Жәбірленуші Самитов «көршінің үйіне барып келемін» деп шығып бара жатқанында сол жерден алған затпен ұрғанын, мас болғандықтан, ашу үстінде не затпен ұрғаны есінде қалмағанын, келесі күні жәбірленуші Самитовтен кешірім сұрағанын, оның сұраған дәрі алуға ақшасын бергенін, қазіргі уақытта татуласқанын көрсетіп бас бостандығынан айырмайтын жаза тағайындауды сұраған.

Сотталушы Қоразов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 106-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 5 (бес) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

ҚР ҚК-нің 44-бабының 1-бөлігінің тәртібімен 5 (бес) жыл мерзімге пробациялық бақылау белгіленіп, жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастыратын мәжбүрлі еңбекке тартылған. Сотталғанға пробациялық бақылауды және мінез-құлқын қадағалауды жүргізу Қызылорда қалалық пробация қызметіне жүктеген.

1. Себепті байланыс дегеніміз не, осы қылмыстық құқық бұзушылық бойынша себепті баланысты анықтаңыз?

2. Себепті байланыс қандай құқық бұзушылықтарда орын алады?

№ 63 есеп

10 қыркүйек 2019 жылы, сағат 08:00 шамасында Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Нұра ауылының маңында Маженов, тыйым салынған балық аулау құралдарын, яғни ауларды пайдалану арқылы, балық ресурстарын заңсыз алу мақсатында, «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік зоологиялық қаумалының. No4842472, E06156100 координаттарында, яғни ерекше қорғалатын табиғи аумағына жататын «Қарақамыс» өзенінен қайық және синтетикалық полиамидті моножіптен жасалған 2 дана ау құралын пайдаланып, 45 дана, жалпы салмағы 31,25 килограмм «сазан» балықтарын заңсыз аулаған.

Нәтижесінде, Маженовтың қылмыстық іс-әрекетінің салдарынан мемлекетке жалпы құны 305 519 теңге мөлшерде залал келтірген.

Сотталушы Маженов тағылған айыпты толық мойындап, сотқа 09.09.2019 жылы сағат 19:00 шамасында, «Қарақамыс» өзеніне барып, 2 дана ау құрып,

10.09.2019 жылы сағат 08:00 шамасында, құрған ауынан сазан балықтарын ұстағанын, ұстаған балықтарды жинап екі қапшыққа салып қойғанын, көл үстінде қайықпен ауларын қарап жүргенінде полиция қызметкерлері ұстағанын, ол балық аулаға тиым салынғанын және ерекше қорғалатын табиғи аумаққа жататын білмегенін, жасаған іс-әрекетіне шынайы өкінетінін, отбасы жағдайын ескеріп жеңіл жаза тағайындауын сұраған.

Сот, сотталушы Маженовтың «Қарақамыс» өзені ерекше қорғалатын табиғи аумаққа жататын және балық аулаға тиым салынғанын білмегені туралы жауабын негізсіз деп сынға алады, себебі ол заңсыз балық аулаған үшін бірнеше рет әкімшілік жауаптылыққа тартылған. Сондықтан оның жауабын өзін қорғану мақсатында берілген деп санайды, себебі ол жәбірленушінің және куәлардың жауаптарымен жоққа шығарылады.

Маженов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекісінің 335-бабының 3-бөлігі б)-тармағымен кінәлі деп танылып, оны балық аулау құқығынан екі жылға айырып, 200 (екі жүз) сағат қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалған.

ҚР ҚК-нің 98-2-бабының 2-бөлігіне сәйкес Маженовтан жәбірленушілерге өтемақы қорына он айлық есептік көрсеткіш 2525 x10 мөлшерінде, яғни 25 250 (жиырма бес мың екі жүз елу) теңге мәжбүрлі төлемі өндірілген.

1. Қылмыс құрамының объективтік жағының факультативтік белгілері дегеніміз не?

2. Осы қылмыстық құқық бұзушылық бойынша факультативтік белгілерін атаңыз?

№ 64 есеп

Еркін 2018 жылдың 06 маусымы сағат 09.00-13.00 аралығында Панфилов ауданы «Жаркент орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Алматы облысы Панфилов ауданы Іле орман шаруашылығының 35-орамы 5-телімінен 118 дана дәрілік шөп, Ақшыл сепкіл гүл (*Fritillaria pallidiflora*) өсімдігін, яғни Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төнген түрін арнайы рұқсатсыз, заңсыз түрде жойып, мемлекетке 141 895 теңге материалдық зиян келтірген.

1. Еркін жасаған қылмыстық құқық бұзушылығының объективтік жағын атаңыз?

2. Осы қылмыстық құқық бұзушылықтың факультативтік белгілері қандай?

№ 65 есеп

Сотталушы Естаев 10.06.2016 жылғы Оңтүстік Қазақстан облысы ІІД-нің басшысының бұйрығымен, Шаянды аудандық Ішкі істер бөлімі жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы қызметіне тағайындалып, осы қызметті атқарып жүріп, өзінің өндірісіндегі 15.03.2018 жылғы Шаянды аудандық сотының қаулысымен әкімшілік жауапқа тартылған, Субайға қатысты қолданған міндеттердің орындалуына профилактикалық әңгіме жүргізуге, Шаянды ауданы Алпамыс ауылындағы No 5 учаскелік полиция пунктіне келіп тұру міндетін орындалмауына ықпал жасап көмек көрсетемін деп, 05.05.2018 жылы сағат 17-45 шамасында, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаянды ауданы, Алпамыс ауылында орналасқан қызметтік бөлмесінде, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды адам бола тұра, өз қызметтік бабын пайдалана отырып, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне нұқсан келтіріп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру талаптарын қасақана бұзып, пайда табу мақсатында, Субайдан 30 000 теңге пара алған.

Сот тергеуінде, сотталушы Естаев, кінәсін толық мойындап, 2016 жылдан бері аудандық ІІБ-де учаскелік полиция инспекторы қызметін атқаратынын, өзінің өндірісінде аудандық сотының қаулысымен Субайдың мінез-құлқына ерекше талап қолданылған іс құжаттары болғанын, онымен профилактикалық әңгіме жүргізу үшін ол айына үш рет учаскелік пунктке келу міндеттелгенін, ол осы міндетті орындауына байланысты жұмыспен Қостанай қаласына бара алмай жүргенін айтып, көмек берсең 30 000 теңге беретін айтқанын, оған өзі келісіп, 05.05.2018 жылы, ол учаскелік пунктке келіп, 30 000 теңге ақша бергенін, осы ақшаны өзі алған соң, құқық қорғау органы қызметкерлерімен ұсталғанын, жасаған әрекетіне өкінетінін, кешірім сұрайтынын, айыппұл төлеуге мүмкіншілігі бар екенін, қатаң жаза тағайындамауды сұраған.

Бұл қылмыстың объективтік жағына талдау жасап баға беріңіздер?

№ 66 есеп

Сотталушылар Фелдиев, Есов, Таменов, Әуенов 29 қараша 2017 жылы сағат 22:00 шамасында Қызылорда облысы, Шиелі ауданынан «Батыс Европа-Батыс Қытай» тас жолымен Жаңақорған ауданына қарай «Audi C4» үлгісіндегі, мемлекеттік белгісі 666 MLA 01, автокөлігімен келе жатқанда өздерін Ресей Федерациясының мемлекеттік белгісі бар белгісіз бір автокөлік қысып кетіп, содан қаржылай өтемақы аламыз деген желеумен, өз ара адамдар тобы болып алдын ала сөз байласып, бөтеннің мүлкін ашық жымқыруға келіскен.

Осы қылмыстық ниеттерін жүзеге асыру мақсатында, олар «Батыс вропа-Батыс Қытай» тас жолымен Жаңақорған ауылына қарай транзиттік шетел

мемлекеттік белгілері тағылған, Ресей Федерациясынан келе жатқан Қырғыз Республикасының азаматтарының басқаруындағы үш дана «Daewoo Matiz» және бір дана «ВАЗ 2107» үлгісіндегі автокөліктердің өтіп бара жатқанын көріп, артынан қуып, соңғыларға тоқтауға бұйырып, бірнеше рет жарық шамдарын жаққан.

Содан соң, сотталушылар жәбірленуші Зуновтың басқаруындағы «Daewoo Matiz» автокөлігін қысып тоқтатып, жәбірленушілер Зуновты және Жакуловты автокөліктен шығарып алып, сотталушы Таменов қолындағы асхана пышағымен жәбірленуші Зуновты қорқытқан. Сөйтіп, сотталушылар жәбірленуші Зуновқа тиесілі құны 30 000 теңге тұратын «Айфон С4» үлгісіндегі ұялы телефонын, құны 3 000 теңге тұратын қара түсті бас киімін, құны 5 000 теңге тұратын қызыл түсті қысқы күртешесін, құны 800 теңге құрайтын 5 литр көлеміндегі жанармайын және автокөлік кілтін ашық жымқырып, оқиға болған орнынан бой тасалап кеткен.

1. Қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін, қылмыс жасау тәсілдерінің маңыздылығы бар ма?

2. Таменовтан басқалары қылмыстық жауаптылыққа жата ма?

ҚЫЛМЫС СУБЪЕКТІСІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ЖАТАТЫН АДАМДАР

№ 67 есеп

Сотталушы Ерхожаев 2018 жылдың 3 тамыз күні таңғы мерзімде 2018 әскери бөлімі «Қарақожа» шекара заставасында, осы заставаның үй- жайын тазалау барысында, мерзімді әскери қызметші Елемесұлы екеуінің арасында сөз келіспеушілік туындаған.

Содан сол күні сағат 9.10 шамасында Ерхожаев шекара заставасының әжетханасында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрлымдарының жалпы әскери ішкі қызмет Жарғысының ережелерінің 9, 12, 15, 159, 144 және 182-баптарының және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының тәртіптік жарғысының 4-бабы 2, 5, 7-тармақтарында белгіленген, әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын өрескел бұзып, Елемесұлы екеуінің арасында застава үй-жайын тазалау барысында туындаған болмашы себепті негіз етіп, оның абыройы мен қадір-қасиеттерін түсіру және қорлау ойымен, сотталушы Ерхожаев, жалған ашуға салынып, әскери ұжым болып табылатын Алмағамбеттың көзінше және оларға көрінеу құрмет көрсетпей, жәбірленуші Елемесұлын ұрып-соғу арқылы тәрбиелеу қылмыстық ойымен, оның бетінің оң тұсынан сол қолының алақанымен бір рет ұрып, артынша сол қолының жұдырығымен жәбірленуші

Елемесұлының арқасынан және сол аяғының тізесімен оның бел тұсынан бір реттен ұрып соғып, денесін ауыртып, сондай-ақ масқаралап, ар-ождан мен қадір-қасиетін кемсітіп қорлаған.

Ерхожаев Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 440-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткіш, яғни 60 125 (алпыс мың жүз жиырма бес) теңге мөлшерде айыппұл салынған

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі бойынша кім қылмыс субъектісі бола алады?

2. Ерхожаев қандай субъектіге жатады?

№ 68 есеп

Азамат Жұман 19.01.2018 жылы, Алматы қаласының «Мега Алматы» ойын сауық орнына батыс кіреберісінен, яғни Каблуков көшесінен келіп кірген. Содан дәретханаға кіріп шығып, ОСО-ның ішінде орналасқан мұз айдынының жанында тұрған Журованың оң жақ қалтасынан, қара түсті «Iphone 6» маркалы ұялы телефонды көреді. Қаражат қажет еткен Жұман, қылмыстық жолмен, нақты ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқырып, пайда табу мақсатында, өзінің қылмыстық ойы бағытталған қылмыс объектісін және жүзеге асыруға қолайлы уақытты және сәтті іздестірген.

Содан Жұман өзінің қылмыстық объектісі ретінде Журованың жоғарыда аталған ұялы телефонды таңдаған. Жымқыруға бағытталған қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында Жұман, Журованың жанына келіп оң қолын созып, Журованың оң жақ қалтасына салып ұялы телефонды алып, ұрланған затты, яғни қара түсті «Iphone 6» маркалы ұялы телефонды өзінің қалтасына салып, оқиға болған жерден бой тасалған.

Содан «Мега Алматы» ОСО-ның ішінен шығып кетіп, автокөлікке мініп, бірден Жібек Жолы көшесінде орналасқан «Көк Базарына» барған. Содан базар іші аумағына кіріп аралап жүріп, ұрланған ұялы телефонды бұрын көрмеген кісіге сатып, сол үшін 15 000 теңге пайда көрген.

Сонымен, 01.03.2004 жылы туылған Жұман, ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқырған.

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы неше жастан басталады және қандай қылмыстық құқық бұзушылық бойынша?

2. Ұрлық жасағаны үшін Жұман қылмыстық жауаптылыққа жата ма?

№ 69 есеп

2016 жылы тамыз айының 27-ші сағат 13:55 шамасында Абылқан Алматы қаласы, Солтүстік айналым көшесінің бойында орналасқан «Рахат» сауда

орталығының автотұрағынан өтіп бара жатқанда кезде автотұрақта тұрған «Toyota Land Cruiser Prado» маркалы автокөліктің терезелерінің ашық тұрғанын көріп, аталған автокөліктің алдыңғы оң жақ есігіне жақындап келіп, автокөліктің алдыңғы сол жақ орындығында жатқан жәбірленуші Шихановаға тиесілі құны 20 000 теңге тұратын сұр түсті сөмкені көреді.

Сол кезде оған аталған сөмкені жасырын түрде жымқыру қылмыстық ойы туады және өзінің қылмыстық ойын жүзеге асырып, автокөліктің ашық тұрған алдыңғы оң жақ есіктің терезесі арқылы алдыңғы сол жақ орындығында жатқан ішінде 500 теңге тұратын тарақ, Шиханованың атына берілген жеке куәлік, «АТФ Банк» кредит картасы, 10 000 теңге ақшалай қаражаты, құны 5000 теңге тұратын әмиян болған, құны 20 000 теңге тұратын сұр түсті сөмкені жасырын ұрлап қашып бара жатқан кезде автокөліктің жанында тұрған жәбірленуші Шиханова Абылқанның бұл қылмыстық әрекетін байқап қалып, одан сөмкесін қайтаруды талап етеді.

Сол кезде Абылқанға бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыруға бағытталған қылмыстық ойы туып, қылмыстық ойын жалғастырып, жәбірленуші Шихановаға тиесілі жоғарыда аталған мүліктерді ашық түрде жымқырып, оқиға орнынан бой тасалап кеткен.

Сөйтіп Абылқан қылмыстық әрекетімен жәбірленуші Шихановаға 35 500 теңгеге материалдық шығын келтірген.

Сонымен сотталушы Абылқан Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191 бабының 1 бөлімінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған, атап айтқанда тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық жымқырған.

1. Қылмыс жасаған уақытта Абылқан 14 жаста ғана болатын, тонау жасағаны үшін ол қылмыстық жауаптылыққа жата ма?

2. Жалпы және арнайы субъектілердің айырмашылығы неде?

№ 70 есеп

Азамат Айбеков, 2016 жылдың шілде айының 02-ші жұлдызы күні, сағат 05:30 шамасында, өзінің басқаруындағы қара түсті «Лада Гранта» маркалы автокөлігімен Молдағұлова көшесі жағынан Құлманов көшесімен келе жатып, Атырау қалалық прокуратурасынан асып барып, №30 үйдің жанында орналасқан «Аспава» мейрамханасына қарай бұрылайын деп жатқан сәтте, сол жердегі жол қиылысында шығайын деп жатқан сұр түсті «Инфинити» маркалы автокөлікке және жаяу жүргіншілер Думан мен Елекеновке шығуға кедергі жасап, тұрып қалған.

Сол уақытта, Құлманов көшесіне қарай шығуға бағыт алып бара жатқан Думан, жолда кедергі болып тұрған қара түсті «Лада Гранта» маркалы автокөлігіне жақындап барып, алдыңғы жолаушы жақтан түсіп тұрған терезе арқылы ішінде отырған Айбековке автокөлікті алып тастауын сұрап, оны күтіп

тұрған «Инфинити» маркалы автокөлігіне қайтып оралып, ішіне отырып, кетуге дайындалып, көлік орнынан қозғалған.

Сол кезде, жүргізуші болып отырған Айбеков, автокөлігін алып тастап, алайда Думан мен қасында бірге болған Елекенов екеуіне ызаланып, болмашы нәрсені желеу етіп қасақана, бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолдану арқылы аса қатыгездікпен бұзу мақсатында, оң жақ қолының жұдырығымен Думанға болысқан Елекеновке жақындап барып, оның жағынан бір рет соғып жіберген.

Сол мезетте, аталған қақтығысты артқы айнадан көріп қалған Думан, автокөлікті тоқтатып, Елекеновке қарай көмекке жүгірген. Айбеков болса, Думанға күші жетпейтіндігін ұғынып, өзінің автокөлігіне барып, алдыңғы жүргізуші жақтан сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде анықталмаған травматикалық қаруын, яғни денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы лайықталған затты алып шығып, Думан мен Елекеновке қарай жөнелген.

Осыны көріп қалған Елекенов, Айбековтың қолында қару бар деп айқайлап, Думанмен бірге қаша бастаған. Сол кезде, жай жүгіріп бара жатырған Думанды қуып жеткен Айбеков, денсаулығына зиян келтіру үшін арнайы лайықталған сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде анықталмаған травматикалық қарумен Думанның сол жақ аяғына бір рет атып жіберген.

Өз кезегінде, Думан, Айбековтың заңсыз іс-әрекетін тыю мақсатында, қолындағы қаруын жұлып алған, алайда, екеуі бір-бірімен ұстасып тұрғанында, Айбеков қаруын қайтадан Думанның қолынан жұлып алып, оқиға болған жерден бой тасалап қашып кеткен.

Нәтижесінде, Айбековтың бұзақылық жасаудағы қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекеттерінің салдарынан, жәбірленушілер Думан мен Елекеновтің денсаулықтарына «жеңіл» дәрежелі дене жарақаттары келтірілген.

Тергеу барысында Айбеков өзінің «неврастения» деген диагнозбен дәрігерлерде тіркеуде тұратындығын, кейбір жағдайда осыған байланысты өзін-өзі ұстай алмайтындығын айтып жәбірленушілерден кешірім сұраған.

Сот психиатриалық сараптаманың қорытындысы бойынша Айбеков қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта психикасының бұзылуы салдарынан өзінің әрекеттерінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаған және оларға ие бола алмаған.

1. Жоғарыда аталған негіздер бойынша Айбеков қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа жатады ма?

2. Есі дұрыс еместіктің қандай белгілері бар?

№ 71 есеп

Азамат Арманов 2016 жылдың 26 қаңтар күні сағат 09:00 шамасында Құлсары қаласы, 3 шағын ауданында орналасқан No42 үйдің қасында кетіп бара жатырған кезінде үйдің дәлізінде ақ қағазға оралған зат тауып алған, оның есірткі заты екенін біліп, қалтасына салып алып, аталған үйдің шатырына

шығып, тауып алған қағаздағы шөпті темекі тәрізді қылып, орап шегу арқылы тұтынған.

Тұтынғаннан қалғанын калтасына салып алған, содан сол үйдің дәлізінен полиция қызметкерлерімен тоқтатылып, Жылыой аудандық ішкі істер бөліміне жеткізілген, тінту кезінде, оның үстіне киген курткасының сол жақ қалтасынан үш дана ақ түсті қағазға оралып салынған, өзіне тән иісі бар, жасыл түсті есірткі заты анықталып, куәгерлердің қатысуымен хаттама толтыру арқылы алынған, яғни есірткі психотропты заттарды өткізу мақсатынсыз заңсыз иемденіп, сақтау, тасымалдау мақсатында есірткі зат екенін біле тұра өзімен бірге қалтасына салып алып жүрген.

Сөйтіп Арманов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 296-бабының 2-бөлігіндегі көрсетілген есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды өткізу мақсатынсыз заңсыз иемдену, сақтау, тасымалдау бойынша қылмыстық теріс қылықты жасаған.

Тергеу барысында Арманов жас кезінде үйілген шөптің төбесінен құлап мидың ауыр жарақаттарының салдарынан басы ауыратындықтан, ауыруды басу үшін есірткі шегетіндігін айтқан.

1. Осындай жағдайда Армановты қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін жауаптылықтан босатуға болады ма?

2. Қылмыс жасаған кезінде психиканың бұзылуы салдарынан өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіпсіздігін толық көлемінде ұғына алмаған не оған ие бола алмаған есі дұрыс адам қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс пе?

№ 72 есеп

Азамат Ернazarов 08.12.2019 жылы сағат 11.50 шамасында Қарақия ауданы, Жарық селосы, Сатпаев көшесінде орналасқан кафенің алдында, азамат Абаевпен, алкогольдік ішімдік ішкен масаю күйінде болып, тыныштық сақтауын талап етіп өзінің қызметтік міндетін атқарып жүрген Қарақия аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторының полиция аға лейтенанттары Торовты, Саровты және полиция аға лейтенанты Сансызбаевты балағаттап, ар-намысына тиетін сөздер айтып қорлаған.

Ернazarов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 378-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылықты жасағандығы үшін кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 79 530 (жетпіс тоғыз мың бес жүз отыз) теңге айыппұл салу жазасы тағайындалған.

1. Алкогольді ішімдікті, есірткі заттарды немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану салдарынан мас күйінде қылмыс жасаған адам қылмыстық

жауаптылықтан босатыла ма, егерде босатылмайтын болса неліктен деп ойлайсыз?

2. Ерназардың масаң күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған іс әрекеті ауырлататын мән жайға жата ма?

№ 73 есеп

Сотталушы Шораз 2018 жылдың 10 қазанында 19:30 сағаттар шамасында Семей қаласында орналасқан жәбірленуші Аронның үйінде екеуі арақ ішіп отырғанында, Аронның бірге тұратын інісі Сапар Шоразға арақ ішкенің жетеді үйіңе бар деп орындықтан тұрғыза бастаған сәтте, сотталушы Шораз орындықты алып Сапардың басынан ұрып оның денсаулығына қасақана орташа зиян келтірген.

Сотта, сотталушы Шораз, арақ ішкендіктен Аронды басынан орындықпен ұрғаны есінде жоқ екенін айтқан.

Шораздың мас күйде қылмыс жасағаны және орындықпен ұрғаны есінде қалмағаны жеңілдететін мән жайға жата ма?

ҚЫЛМЫСТЫҢ СУБЪЕКТИВТІК ЖАҒЫ

№ 74 есеп

21 желтоқсан 2020 жылы сағат 00:00 шамасында Қалидың үйінің терезесін Арбеков қағып, дауыстап әкесі Жахметовты шақырған. Жахметов далаға шыққан кезде, Арбеков оған Торғай ауылына көлігімен апарып тастауды сұрағанын естіп, Қали әкесінің артынан далаға шыққанда әкесінің жерде отырғанын көрген. Сол кезде Арбековтың қасында болған.

Айбагаров еш себепсіз Қалидың бетінен бір рет ұрып жіберген. Бұған Қали ашуланып, үйге қайта кіріп, ас бөлмесінен қоңыр түсті пышақты алып шыққан кезде, Айбагаров Қалиды қайта ұра бастағанда, Қали Айбагаровтың денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру мақсатында қолындағы пышақпен Айбагаровтың денесіне үш рет пышақ салып, соңғыға ауыр дәрежелі дене жарақатын келтірген.

Сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес Айбагаровқа келесідей дене жарақаттары түсірілген: іш қуысының оң жақ қабырғасында, 6-7 қабырға аймағында магистральды артқы сол жақ аксиларлы сызығы бойымен ішкі органдарының зақымдануы (кеуде қуысының диафрагмасы, бауыры, сырғанау жарасы). Аталған дене жарақаттары шаншып - кесетін заттардан пайда болған. 2021 жылғы 18 наурыздағы No 101 суық қаруды зерттеу сараптамасының қорытындысына сәйкес оқиға болған жерден алынған пышақ

зауыттық тәсілмен дайындалған, үй шаруашылыққа арналған пышақ болып табылады, және суық қаруға жатпайды.

Қали Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 106-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша 3 (үш) жыл бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалып, 100 (бір жүз) сағатқа жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда мәжбүрлі еңбекке тарту белгіленген.

1. Сотталушының іс әрекеті кінәнің қандай нысанымен сараланған?
2. Қылмыстың субъективтік жағы дегеніміз не, оның міндетті және қосымша белгілері қандай?

№ 75 есеп

Сотталушы Айшыбекова 11.09.2017 жылы сағат 17-00 шамасында Қазығұрт ауданы, Қызылқия ауыл округі, Тұғыртас ауылының жанындағы мал қорада өзінің күйеуі Сербаявпен азаматтық некеде болған Мирбаеваға күш қолданып немесе қолдану қатерін төндіріп, өзінің ұялы телефоны мен қуаттағыш аккумуляторын ұрлағаны үшін құны 30 000 теңгелік «Самсунг» маркалы ұялы телефонын, 10000 теңге ақшасын және 80000 теңге тұратын бір жұп алтын сырғасын тартып алып қойған.

Сотталушы Айшыбекова Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 389-бабының 3-бөлігінде көрсетілген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған осы баппен 1 /бір/ жылға бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

1. Сотталушының іс әрекеті кінәнің қандай нысанымен сараланған?
2. Кінәнің неше нысаны бар?

№ 76 есеп

Думанов 07 наурыз 2021 жылы сағат 21-00 шамасында Шымкент қаласы, Бейбітшілік көшесінің бойында орналасқан «Аквариум» дәмханасында өзінің танысы Асимовамен кездесіп, бірге отырған кезінде соңғыға тиесілі құны 50 000 теңге тұратын «Редми 7» маркалы ұялы телефонын көріп, алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру ойы пайда болып, өзінің ойын жүзеге асыру мақсатында Асимованың сенімін теріс пайдаланып, аталған ұялы телефонын хабарласып алу үшін деп алдап сұрап алып, оқиға орнынан білдіртпей бой тасалап, жәбірленуші Асимоваға алаяқтық жолмен 50 000 теңгеге материалдық залал келтірген.

Думанов ҚР ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған. ҚР ҚК-нің 44-бабына сәйкес, сотталған Думановқа

тағайындалған жазаның барлық мерзіміне пробациялық бақылау белгіленіп, оның тұрақты жұмыс орны болғанға дейін, оны жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда жылына 100 (бір жүз) сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартылған.

1. Сотталушының іс әрекеті кінәнің қандай нысанымен сараланған?
2. Қасақаналықтың қандай түрлері бар?

№ 77 есеп

Азамат Думан 2022 жылғы 23 шілде айында кешкі уақытта Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Мұстафа Өзтүрік көшесімен келе жатқан кезінде жолдың шетінен ақ түсті парақта оралған затты көріп, қызығушылықпен алып қарағанда, ішінен жасыл түсті, өзіне тән хош иісі бар ұнтақталған есірткі затына ұқсас зат екенін көріп, алдағы уақытта жеке өзі шегу арқылы қолдану мақсатында өзінің қысқа шалбарының оң жақ қалтасына салып, сақтаған.

Содан, 2022 жылғы 24 шілде Шымкент қаласы, Қаратөбе тас жолы бойында орналасқан «Гидролиз» зауытының аумағына қарай келе жатқан кезінде, полиция қызметкерлерімен тоқтатылып, жеке қарау жүргізу барысында, қалтасынан кептірілген марихуана есірткі заты алынған.

Сарапшының №2327 санды қорытындысына сәйкес: -Зерттеуге ұсынылған зат есірткі құралы – кептірілген марихуана болып табылады. Кептірілген марихуананың массасы – 0,8896 грамды құрайды.

Думан ҚР ҚК-нің 296-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған жаза ретінде 61 260 (алпыс бір мың екі жүз алпыс) теңге мөлшерінде айыппұл тағайындалған.

1. Думанның іс әрекеті кінәнің қандай нысанымен сараланған?
2. Тікелей қасақаналық пен жанама қасақаналықтың айырмашылығы неде?

№ 78 есеп

2017 жылдың мамыр айының үшінші онкүндігінде азамат Мереке, ауылдың жанында қой кезегін жайып жүріп, жеке кәсіпкер Жакиннің «Құлын су» цехының қоршауының темір торы үзіліп жерде жатқанын көріп, осы темір торды жасырын ұрлап, бас пайдасына асыру ойы келіп, осы ойын жүзеге асыру үшін сол күні 21 сағат 30 минут мөлшерінде «Құлын су» цехына келіп, ұзындығы 14,6 метр болатын, құны 29 200 теңгені құрайтын темір торды жасырын ұрлап әкетіп, үйіне апарып тығып қойып, жеке кәсіпкерге 29 200 теңгенің елеулі залалын келтіріп, ҚР ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігімен көзделген қылмыс жасаған.

Мереке ҚР ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігімен көзделген қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалып, пробациялық бақылау белгіленген.

1. Мерекенің іс әрекеті кінәнің қандай нысанымен сараланған?
2. Субъективтік жақтың негізгі белгісіне не жатады?

№ 79 есеп

Ерғалиев аудандық сотының 28.05.2018 жылғы қаулысымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен, яғни көлік жүргізу құқығы бар тұлға бола тұра есірткілік масаң күйде көлік құралын жүргізгені үшін кінәлі деп танылып, көлік жүргізу құқығынан үш жыл мерзімге айырылған.

Соттың бұл қаулысы заңды күшіне енген. 2019 жылдың наурыз айының 13 күні сағат 01:20 мөлшерінде, Аягөз қаласы, Ақтамберді көшесінде Ерғалиев көлік құралдарын жүргізу құқығынан айырылған тұлға бола тұра, «ИЖ-2715» маркалы, автокөлігін алкогольдік масаң күйінде басқарып жүргізген.

Сөйтіп, Ерғалиев көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған тұлға бола тұра, алкогольдік масаң күйде көлік жүргізіп басқарған.

Ерғалиев Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 346-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, осы бап бойынша Ерғалиевқа көлік басқару құқығынан 3 (үш) жылға айыра отырып 100 (жүз) сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартқан.

1 Ерғалиевтің іс әрекеті көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғанын біле тұра, алкогольдік масаң күйде көлік жүргізіп қылмыстық құқық бұзушылық жасауы қасақана ма, әлде абайсызда жасалған бола ма?

2. Қасақана жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың, абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы неде?

№ 80 есеп

17.03.2016 ж. 17-30 сағат шамасында, Бұратов орман қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштарды заңсыз кесу мақсатында, Ырғыз ауданы Ырғыз ауылдық округі Ақши ауылына қарасты «Андыз» атты мал қыстағынан батыс бағытқа қарай 800 метр құмның арасынан өсіп тұрған ағаштардың ішінен жиырма үш дана тал ағаштарын өзінің пайдалануына жарату үшін балтамен заңсыз шауып алып, мемлекетке 551,46 теңге мөлшерде мүліктік залал келтірген.

Сот мәжілісінде сотталушы Бұратов жасаған іс-әрекетін толық мойындап, расында малды жазда қамайтын ашық қораның белдігіне ұстау үшін, тұратын үйінің маңында өсіп тұрған жиырма үш данатал ағаштарын балтамен шауып

алғанын, тал ағашты шабуға болмайтынын білмегенін айтып, сол үшін шынайы өкінетінін, алдағы уақытта мұндайға жол бермейтінін, отбасы жағдайын ескеріп, әділ жаза тағайындауды сұраған.

Бұратов ҚР ҚК-нің 340-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 80 (сексен) сағат қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалған.

1. Бұратовтың қылмыстық құқық бұзушылығы кінәнің қандай нысанымен жасалған?

2. Қылмыстық заңды білмеу, қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз бола ма?

№ 81 есеп

Манас, 25.10.2017 жылы сағат 04-00 шамасында Шымкент қаласы, Таукехан даңғылы бойында орналасқан «Тигр» караоке клубының алдында тұрған өзінің танысы Төленмен әңгімелесу барысында, араларында түсініспеушілік салдарынан бас араздықтары пайда болып, бұған дейін де бірнеше мәрте жолыққан кезде туындаған бас араздықтары барысында келтірген өкпені есіне түсіре отырып, айналасында бөгде адамдардың жоқ екендігін көріп, жерде жатқан тергеу барысында анықталмаған темір затты қолына алып, оны қолдану арқылы жәбірленуші Төленнің іш тұсына екі рет және сол жақ қолының білек тұсына бір рет соққы жасап, қасақана қылмыс жасауға бағытталған, тікелей пиғылмен жасалған әс-әрекетін аяқтау арқылы жәбірленуші Төленнің денсаулығына «ауыр» дене жарақатын салған.

Манас Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106 бабы 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

1. Манастың қылмыс жасау ниеті неде?

2. Ниет пен мақсаттың айырмашылығы неде?

№ 82 есеп

2021 жылдың наурыз айының 16 күні 15 сағат 30 минут шамасында Әмир мемлекеттік тіркеу нөмірі «220 LZB 02» «Lexus GS 300» маркалы автокөлігін басқарып, Алматы облысы, Талғар ауданына қарасты «Алматы- Жетіген» тас жолымен оңтүстік бағытта сағатына 70-80 шақырым жылдамдығымен қозғалып келе жатып, Қазақстан Республикасы жол жүрісі қағидаларының (бұдан әрі - ЖЖҚ) 10.1 тармағының талабын өрескел бұзып, жүру бағытындағы көрінуге қатысты жол жағдайларын ескермей, жүруге жүргізуші анықтай алатындай кедергі немесе қауіп туған жағдайда, ол жылдамдықты тоқтатуға дейін азайтуға немесе қозғалысқа басқа қатысушылар үшін қауіп төндірмей, кедергіні айналып өтуге шаралар қолданбай, әрі қарай көлік құралының қозғалысына тұрақты

түрде бақылау жасай отырып жүргізбей, ЖЖҚ-ның 9.1 тармағының талаптарын бұзып, жолдың 33 шақырым 400 метр аймағында қарама-қарсы жүру жолағына шығып, осы жолдың шығыс жартысымен солтүстік бағытта қозғалып келе жатқан жүргізуші Рашиттың басқаруындағы мемлекеттік тіркеу нөмірі «111 WXZ 08» «ВАЗ 21099» маркалы автокөлігімен соқтығысып, жол көлік оқиғасын жасаған.

Жол-көлік оқиғасының нәтижесінде «ВАЗ 21099» автокөлігінің жүргізушісі Рашиттың денсаулығына ауыр зиян келтірілген, ал оның жолаушысы Елена алынған дене жарақаттарының салдарынан оқиға орнында қаза тапқан.

Әмир ҚР ҚК-тің 345-бабының 3-бөлігімен көрсетілген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, көлік жүргізу құқығынан 5 (бес) жыл мерзімге айыра отырып, 4 (төрт) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

1. Әмірдің кінәсі қандай нысанда жасалған деп ойлайсыз?

2. Абайсызда қылмыстық құқық бұзушылық жасау дегенді қалай түсінесіз?

№ 83 есеп

Бабай 30 маусым 2021 жылы сағат 20:30 шамасында өзінің басқаруындағы мемлекеттік белгісі 101 VCM 17 санды, «Opel Vectra» маркалы автокөлігімен Шымкент қаласы, Шаяхметов көшесі бойымен, Арғынбеков көшесі бағытынан, Назарбаев даңғылы бағытына қарай басқарып келе жатып, Назарбаев және Шанин көшелерінің қиылысында Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы қағидаларының 10-бөлімінің 1-тармағында және 14-бабының 1-тармағында көрсетілген «Жүргізуші көлік құралын белгіленген шектеуден аспайтын жылдамдықпен, мұндайда жүріс үдемелілігін, көлік құралы мен жүктің ерекшелігін және жай-күйін, жүру бағытындағы көрінуге қатысты жол және метеорологиялық жағдайларды ескере отырып жүргізеді. Жылдамдық жүргізушіге Қағидалардың талаптарын орындау үшін көлік құралының жүрісіне тұрақты түрде бақылау жасауына мүмкіндік беруін қамтамасыз етеді. Жүруге жүргізуші анықтай алатындай кедергі және қауіп туған жағдайда, ол жылдамдықты тоқтатуға дейін азайтуға немесе жол жүрісіне басқа қатысушылар үшін қауіп төндірмей, кедергіні айналып өтуге шаралар қолданады.» және «Көлік құралының жүргізушісі өзінің жүру бағытындағы жолдың жүру бөлігін реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі бойымен өтіп келе жатқан жаяу жүргіншілерге жол береді.» - деген талаптарын өрескел бұзып, жол қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етпестен, No 92 үйдің тұсында орнатылған бағдаршаммен реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелімен өтіп бара жатқан велосипедші Наримовты қағып кетіп, жол-көлік оқиғасын жасаған. 13 тамыз 2021 жылғы No762/27 санды сот-медициналық сараптама

қорытындысына сай, жәбірленуші Наримовтың денсаулығына «Орта» дәрежедегі зиян келтірілген деп бағаланған.

Бабай ҚР ҚК-нің 345-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оны осы баппен 1 (бір) жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, ол 80 (сексен) сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылған.

Бабайдың жол Ережесін қасақана бұзуына байланысты, қылмыстық құқық бұзушылық қасақана жасалған деп шешуге бола ма?

ҚЫЛМЫС ІСТЕУ САТЫЛАРЫ

№ 84 есеп

Айболат 15.01.2018 жылы сағат 00:10 шамасында, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсатында, қоймаға заңсыз кірумен, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентінде орналасқан, шеткі үйдің ауласына заңсыз кіріп, «Камаз» автокөлігінің құны 100000 теңге тұратын екі дана аккумуляторын шешкелі жатқан кезінде, дабыл қондырғысымен берілген белгісінен кейін жәбірленуші Калиев үй терезесінен жарық түсірген кезде оқиға орнынан қашып, өзінің қылмыс жасауға тура бағытталған, тікелей пиғылмен жасалған әрекетін өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізе алмай, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруға оқталған.

Басты сот талқылауында сотталушы Айболат кінәсін толық мойындап, 14.01.2018 жылы сағат 21:00 шамасында бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсатында, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ә.Молдағұлова көшесі, No12 үйдің ауласына кіріп «Камаз» автокөлігінің аккумуляторын шешпекші болғанын, алайда арнайы кілттерінсіз аккумуляторларды шеше алмаған соң үйіне барып екі дана 13 және 15 санды кілттерін алып қайтып келіп аккумуляторларды шешпекші болған кезінде үй терезесінен өзіне қарай жарық түскен соң, ауладан шығып көше бойымен қашып кеткенін, жолда кетіп бара жатқан кезінде полиция қызметкерлерімен ұсталғанын, полиция қызметкерлерімен екі дана 13 және 15 санды кілттері алынғанын, жәбірленушіден кешірім сұрайтынын көрсеткен.

Сотталушы Айболат Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 24-бабының 3-бөлігімен, 188-бабының 2-бөлігінің 3) тармағымен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеуге жазаланған.

Сотталушыға ҚР ҚК-нің 44-бабының 1-бөлігінің тәртібі бойынша 1 (бір) жыл мерзімге пробациялық бақылау белгіленген, ол жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда 240 (екі жүз қырық) сағатқа мәжбүрлі еңбекке тартылған.

1. Айболаттың іс әрекеті аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылықтың қандай түріне жатады?
2. Аяқталған оқталу мен аяқталмаған оқталудың айырмашылығы неде?
3. Жарамсыз объектіге (затқа) және жарамсыз құралмен оқталуды қалай түсінесіз?

№ 85 есеп

25 қаңтар 2016 жылы сағат 03.48 шамасында Алмуханов БҚО Жарқын ауданы Талды ауылындағы үйде уақытша тұратын бұрынғы жолдасы Мухановаға барып, үйдің терезелерін қағып, аталған тұрғынжайда тұратын Муханованың есікті ашпағанына қарамастан, сол үйдің ас бөлмесінің терезесіндегі желкөзді (форточка) қолымен итеріп ашып, тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзып, онда тұратын Муханованың еркінен тыс басып кірген.

Басты сот талқылауында жауапталған сотталушы Алмуханов өзіне тағылған айыпты толығымен мойындап, Мухановамен 2015 жылдың қазан айында заңды түрде ажырасқандарын, ортақ некеден үш ұлдары бар екенін. 2016 жылдың 24-қаңтарында балаларын көруге Талды ауылына келгенін, сағат 21.00 шамасына дейін екі ұлымен болып, артынан оларды бұрынғы жолдасының тұратын үйге апарып тастағанын. Сол түні өзі шұғыл басқа қалаға кететіні белгілі болып, балаларын соңғы рет көріп кету ойымен сағат шамамен 03.00 шамасында бұрынғы жолдасының үйіне келіп, терезелерін қаққанын, сол кезде үйдің ішінен бұрынғы жолдасының тұрғанын сезгенін, себебі үйдің жарығы жанып, қайта сөнгенін.

Бұрынғы жолдасының бұл әрекетіне ашуланып, кіреберіс қасындағы форточканы қолымен итеріп қалғанда, терезесі ашылып кеткенін. Сол ашылған форточкадан үйдің ішіне кіргенін, кірген кезде алдынан Муханованың шыққанын, ол оған милиция шақыртам деп айтқанын, өзі жолдасының сөзіне мән бермей, балалары жатқан бөлмеге барып, олардың маңдайларынан иіскеп, үйден шығып кеткенін, істеген ісіне өкінетінін, жасаған әрекеті үшін заң алдында жауап беруге әзір екенін көрсеткен.

Алмуханов ҚР ҚК-нің 149-бабының 2-бөлігімен айыпты деп танылып, осы баппен 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығынан шектелген.

1. Алмухановтың іс әрекеті аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтарға жата ма?
2. Қылмыс істеу сатылары дегеніміз не?

№ 86 есеп

Мәмбетов, 15.10.2017 жылы өзінің Астана қаласы, Пригородный кентінде No8 үйде бола тұра, сағат 00-00 мен 01-00 аралығында далаға шыққан кезде,

өзінің жоғарыда аталған мекен – жай бойынша тұратын көршісі, Астафаевқа тиесілі қойманы көріп, қойма ішінде 4 дана жазғы дөңгелек, 4 дана қысқы дөңгелек барын біле тұра, заңсыз кірумен ұштасқан, ұрлық – яғни, бөтеннің мүлкін жасырын ұрлаумен түріндегі қылмыстық ойы туады.

Содан, Мәмбетов өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында Астафаевқа тиесілі сұр түсті қойманың ішіне айналада өзге адамдардың бақылап тұрмағанына толықтай көзін жеткізіп, заңсыз қойма терезесі арқылы кіріп, заңсыз жолмен өз материалдық жағдайын жақсарту мақсатында қойма ішінде тұрған 4 дана жазғы дөңгелек, 4 дана қысқы дөңгелекті қоймадан алып шығып, қойма сыртында орналасқан талдың маңына жасырып қояды да, Мәмбетов өз қылмыстық іс - әрекетіне толықтай аяқтау мақсатында қойма ішіне қайта кіріп, қойма ішінде 4 дана жазғы дөңгелек, 4 дана қысқы дөңгелектен бөлек тұрған «MSEP» маркалы велосипед, электро арматурасын және бұрғылауды алып, қойма ішінен терезесі арқылы сыртқа шығып, өз қылмыстық іс – әрекетін толықтай аяқтап, оқиға орнынан бой тасалаған.

Содан соң, No2 үй көшесінің бойындағы көршісі Сендигалиев есімді азаматтың үйінің алдында орналасқан жазғы душевойға, өзінің қылмыстық жолмен табылған электро арматурасын және бұрғылауды жасырып қою мақсатында «MSEP» маркалы велосипедпен барып апарып, ұрлық болған жерге қайта оралады.

Одан әрі, Мәмбетов қылмыс орын алған жерге қайта оралып, өзінің заңсыз жолмен алынған 4 қысқы дөңгелекті алып, жоғарыда аталған душевойға әкеліп салып қояды. Қалған 4 жазғы дөңгелекті, шаршағандықтан қалдырып, ертесіне алып кетуді ұйғарады.

Нәтижесімен, сотталушы Мәмбетов, өз қылмыстық іс - әрекетімен жәбірленуші Астафаевқа 183 000 теңге мөлшерде материалдық шығын келтірген.

Сөйтіп, Мәмбетов ұрлық, яғни қоймаға заңсыз кірумен бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру деген қылмысты жасаған.

Мәмбетов ҚР ҚК-нің 188 бабының 2 бөлігінің 3 тармағы бойынша кінәлі деп танылып оған осы бап бойынша өзіне тиесілі қылмыстық жолмен табылған, не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті тәркілеумен 1 (бір) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

Мәмбетовтың қылмыстық іс әрекеті аяқталған қылмыстық құқық бұзушылыққа жата ма?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
- 2 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» No 8 Нормативтік қаулысы
- 3 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымындағы No4 Нормативтік қаулысы
- 4 Әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы № 6 нормативтік қаулысы (2011.21.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 5 Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 нормативтік қаулысы (2018ж.20.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 6 Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 3 Нормативтік қаулысы.
- 7 Жол жүрісі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ
- 8 Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі N 4 нормативтік қаулысы.
- 9 Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы N 3 Нормативтік қаулысы
- 10 Есірткінің, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысты істер бойынша заңнаманы қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Қаулысы 1998 жылғы 14 мамыр N 3.
- 11 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайты://sud.gov.kz/
- 12 «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III Кодексі